



Индекс 75579

*Алма ағашы цидегенде*



# Жас оркен Костанай

e-mail:mediacentr\_kgu@mail.ru



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев халқына ант берді

3  
2015

## Кеңес Одағының Батыры

# Сейітхан Темірбаев

Сейітхан Темірбаев 1922 жылы Қостанай облысының Таран ауданындағы Қызылжар ауылында туған. Ата-анасы кеңшарда жұмыс істеді. 30-шы жылдарғы аштықта әке-шешеден бірден айырылады. Әлі бұғанасы қатпаған 9 жасар Сейітхан мен 6 жасар қарындасы балалар үйінде өседі. Ол балалар үйінде жеті жылдық мектепті бітіреді. Мектепті бітіргеннен кейін балалар үйінен кетеді де, Қостанай қаласындағы педагогикалық техникумға түседі. Еті тірі, қағілез бала қоғамдық жұмысқа белсене қатысады. Техникумда жүріп, 1939 жылы комсомол қатарына қабылданады. Ол кезде комсомолдың бастауыш ұйымында қабылданғандарды Қостанай қалалық комсомол комитетінің бюросында бекітетін болған. Сейітхан Темірбаев та бюрода бекітіледі.

«Бала кезімнен Отанымға пайда келтіретін адам болып қалыптасам деп армандадым. Бізді халқыма адал, еңбекқор етіп өсіргені үшін Отан алдында қарыздармын және өмірімнің соңына дейін Социалистік Отанымға берілген адал азамат боламын» деп жазады майдандас досына хатында Сейітхан Нұрмағамбетұлы. 1941 жылы желтоқсан айында ол Орджоникидзе аудандық комсомол комитетінің жолдамасымен Ақмола қаласында жасақталып жатқан 1 кавалериялық дивизиясына барады. Оларды бірден Харьков облысына, Оңтүстік Батыс майданға алып кетеді. Ол 5 екпінді армияның 230-шы дивизиясы құрамында Донбасты, Зопорожья, Николаев, Одесса облыстарын жаудан азат етуге қатысады. Одан кейін Белоруссияны, Польшаны азат етуге, Одер өзенінен өтіп, Берлинді алуға қатысады.

Ол 1942 жылдың мамырынан соғыстың аяғына дейін 5 рет жараланады. Майданға қатардағы солдат болып аттанған Сейітхан елге капитан және Кеңес Одағының Батыры болып оралады. «Қызыл жұлдыз», I дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталады. Соғыстан кейінгі жылдары партия қызметінде болады. 1983 жылы қайтыс болады.

Кеңес Одағының Батыры Сейітхан Темірбаев туралы материалды журналдың 12-13 беттерінен оқысыздар.



## Кенеден келер қауіп көп

Көктем мен жаз мезгілдері кенеден келетін аса қауіпті аурулардың күшейетін кезеңі болып саналады. Жаз айларында табиғат аясында демалатындар көбейетіндігі белгілі. Көп жағдайда қауіпсіздіктің алдын алмастан опық жеп жататындардың баршылығы жасырын емес. Өйткені, жұқпалы дерт қатарына енетін кененің шығуы ірілі-ұсақты малдармен қатар адамзат баласына да төндіретін қауіпті орасан. Күн жылынып, жер көгере бастағаннан-ақ қалалықтар орманға сейілге, көгалға демалуға, өзенде шомылуға ағыла бастайды.

Сондықтан, «сақтықта қорлық жоқ» дегендей, бұл қағиданы жадымыздан шығармағанымыз жөн.

Соңғы уақытта кене жәндігінен сақтану шаралары жайлы аз айтылып жатқан жоқ. Оңтүстік өңірде көптеп кездесетін бұл жәндік соңғы кездері біздің аймақта да жиі кездесіп жүр. Кішкентай жәндік болғанымен адам өміріне үлкен қауіп төндіретін кене буын аяқты қансорғыштар тобына жатады. Ол Қырым қанды безгегі, кене энцефалиті, туляремия, Сырдария безгегі сияқты жұқпалы ауруларды таратады. Бұл қансорғыш буынақтылар көктем келісімен адам мен малдарға шабуылын бастайды. Кенелер теріге байқатпай, яғни, ауыртпай жабысады. Кененің шағуы — адамды қауіпті ауруларға және көп жағдайда өлімге апаруы мүмкін.

Жұқпалы ауру адамға кене шаққан кезде ғана емес, оны денеден алып тастағаннан кейін де ауруын тарата береді. Кене денеге қадалып үлгерген жағдайда, одан құтылудың ең қарапайым тәсілі — спирт, иіс су немесе лосьон тамызу. Сонымен қатар, вазелинді де қолдануға болады. Кейін, алып тастаған кенені ыстық суға салып немесе өртеп жіберген дұрыс. Кене шаққан жерді міндетті түрде йодпен, спиртпен жақсылап сүртіп, қолды сабындап жуу керек.

Ауру сәуір айынан қазан айына дейін кездеседі, бірақ ең қауіпті кезең — мамыр, маусым айлары. Ауру белгілері, шаққаннан кейін 2 аптадан соң біліне

бастайды, кейде 1-2 күннен немесе 45 күннен кейін білінеді. Себебі, ол кененің қауіптілігіне байланысты. Көпшілік жағдайда аурудың жеңіл және орташа түрлері кездеседі. Бұл жағдайда науқас адамның дене қызуы 38 С-қа дейін көтеріледі, басы қатты ауырып, бұлшық еттері сыздайды. Бірақ, оның ауыр түрлері де кездеседі. Бұл кезде дене қызуы 39-40 С-қа дейін көтеріледі, құсқысы келеді, мойнының, қолы мен аяғының бұлшық еттері сыздап, ауыр тартады.

Кенелерден сақтану үшін маман-



дар төмендегі кеңестерді ұсынады. Егер кенелер көп кездесетін аумақта болсаңыз, ашық түсті киім кигеніңіз жөн. Шалбарыңыздың балағын шұлықтың ішіне, жейдеңізді шалбардың ішіне салып, ашық дене қалдырмауға тырысу керек. Егер денеңізден кенені байқап қалсаңыз, кенеге өсімдік майын тамызу қажет. Кененің тұмсығын жіппен орап алып, ырғақты қозғалыспен жайлап денеден шығарып алу керек. Кенені денеден күрт тартып алу — вирус жұқтыру қаупін арттырады. Тез арада жақын маңдағы медициналық мекемеге барып көрінген абзал. Олар кененің қаншалықты қауіпті екенін анықтайды.

Кененің бәрі бірдей ауру таратпайды. Дегенмен, вирус жұқтырғыш кене мен жұқтырмайтын кенені ажырату қиын. Сондықтан ең дұрысы, кененің денеге жабысып, теріге тереңдеп еніп кетуінен сақтанған жөн.

**Айдана ҚУАНЫШБАЙ,**  
**ҚМУ ГЭФ журналистика**  
**мамандығының 2 курс студенті**

РЕДАКЦИЯНЫҢ  
МЕКЕНЖАЙЫ:  
11000, Қостанай қаласы,  
А.Байтұрсынов көшесі,  
47-үй, 220 бөлме.  
Медиа — студия.  
«Жас өркен - Қостанай»  
журналының редакциясы.  
Байланыс телефондары:  
қалааралық  
8-7142-51-11-67,  
Факс 51-11-95  
Ұялы 8(701) 1509443

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды. Журналдың қажетті сандарын редакциядан сатып алуға болады. Бағасы келісімді. «Жас өркен-Қостанай» журналына демеушілік көрсетем деушілерге мына есеп-шотымызды ұсынамыз: РМҚК «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті» ИИК KZ83856000000079688 РНН 391700052352, БИН 990240005319 БИК КСJBKZKX РНН банка 391700078345 БИН банка:980841000472 Кбе 16

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасында басылды. 110007, Қостанай қаласы, С.Мәуленов көшесі, 16. Басуға 28.05.15 ж. қол қойылды. Көлемі 32 бет, Офсеттік басылым. Тапсырыс № 2417 Таралымы 1200 дана.

Баспахана түпнұсқасы нашар суреттердің сапасына жауап бермейді.

# Жаздық көйлектің сәнін қандай түс келтіреді?

Келе жатқан көктем-жаз айлары қыз-келіншектер үшін қандай киім мен сән үлгілерін тарту етеді? Әлемдік сән индустриясының алыптары 2015 жылдың ең сәнді түстері мен киім үлгілерін жұрт назарына ұсынуда. Дизайнерлер биыл батыл қадам жасап, түрлі сападағы алтын-күміс түстес, сондай-ақ ашық реңктеді өз коллекцияларында пайдаланған, классикалық ақ және қара түстер де бұл жолы өз құндылығын жоғалтпаған. Қызыл, сары, көк түстермен қатар қоңыр, сұр түстер де биыл сән әлемі сәресінен табылуы тиіс. 2015 жылға Chanel сән үйінің ұсынған топтамасында басымдық ақ, сұр және жылтыр жіп араласқан пиджактар мен көйлектерге берілген. Бұл коллекцияда қашан да нәзіктік пен қаталдық шебер үйлесім табады. Сәнді, ыңғайлы әрі өте жылы. Аты шулы Dolce&Gabbana сән үйі осы жылғы топтамасында ақ және қызыл, күлгін және қара түстерді, жылтыр тастар мен әшекейлері пайдаланған. Кез-келген талғамға сай, сіздің дене бітіміңізге жарасатын киімдерді тандасаңыз болғаны.



Маусым ауысқан сайын сән үлгісі де өзгереді, тіпті сән тенденцияларының үлгілерін санап та бітпейсің. Соңғы кездері гүлді трендтермен әшекейленген киімдер үлкен сұранысқа ие. Киім, аяқ-киім, аксессуарлар мен сөмкелер бәрі жасанды теріден тігілетін болды, бұл тренд әр бейнеге ерекшелік қосып, оны түрлендіре түседі. Бастысы – оны орынды қолдана білу. Осы маусымның жаңа үлгілерінің бірі – ұзын белдемше, оны басқаша «француз ұзындығы» деп те атайды. Мұндай ұзын белдемше тек қана арық қыздарға ғана емес, плюс размерлі қыз-келіншектерге де өте жарасады. Ерекше болуды жақсы көретіндерге тура келеді. Сән мамандарының айтуынша, жаз-көктем айларының топтамаларында олардың басты мақсаты – қыз-келіншекті барынша нәзік және әсем етіп көрсететін киім үлгілерін жасау болған. Сәнгерлер жаз және көктем айларында ашық әрі жылы түсті мөлдір матадан тігілген киімдерді киюге кеңес береді. Бүрмеленіп тігілген көйлектер мен белдемшелер қашан да әйел мүсініне ерекше сымбат пен көрбездік беретінін ұмытпаңыз.



ұмытылып бара жатқан мәдени мұрасы – тоқыма өнері. Бүгіндері бұл бағытта жұмыс істейтін сәнгерлер кемде-кем.

Биылғы жылдың сән апталығы киімдеріндегі ою-өрнектер, қолданылған материалдар композициясы, олардың арасындағы керемет үйлесім, түр-түстің ерекше нәзік сәйкестігі – бәрі де отандық сәнгерлердің шеберлігін, шалқар шабытын, ұлттық табиғатты терең меңгергенін байқатты. «Шебердің қолы ортақ» деген мақал ел ішінде бекер айтылмаса керек. Нағыз шеберлікке жету үшін табандылық, іскерлік, талғампаздық, білім қажет екендігі сөзсіз. Әсіресе, еліміздің сән әлеміне жастардың қатары қосылып жатқаны қуантады.

**Жұпар ҚОЖАХМЕТОВА,**  
ҚМУ ГӘФ журналистика мамандығының  
2-курс студенті



# Жас өркен Қостанай

№ 3(76) мамыр-маусым, 2015 жыл

**МЕНШІК ИЕСІ:**  
Ахмет Байтұрсынов  
атындағы  
Қостанай мемлекеттік  
университеті

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

Кенжеғали САҒАДИЕВ (төраға)  
Төлен ӘБДІКОВ  
Хұсайын УӘЛИЕВ

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Асқар НӘМЕТОВ (төраға)

Амангелді ШӨРЕНТАЕВ  
Медиа-студия меңгерушісі

Нәзира ЖӘРІМБЕТОВА  
шығарушы редактор

Роза КӨБЖАНОВА  
менеджер-дизайнер

Гүлнұр КӘКІМБЕК  
бас маман

Журнал ҚР Мәдениет,  
ақпарат және  
қоғамдық келісім  
министрлігінде  
2002 жылы  
18 қарашада тіркеліп,  
3386-Ж куәлігі берілген.  
Екі айда бір шығады.  
Редакцияға келіп түскен  
хаттар әдеби онделеді,  
қысқартылады,  
ойы сақталып түзетіледі.  
Көлемі үш компьютерлік  
беттен асқан материалдар  
қабылданбайды.

*Өзің баста,  
Нұрлы жолмен Нұр-аға!*

Талай ғасыр торға түскен жаралы ел  
Енді еркін тыныстауда дала кең  
Тарланымды таңдағанда тамсанып,  
Тәнті болды бірлігіңе бар әлем.

Желбірейді бейбіт күннің жалауы,  
Ынтымақтың лаулап жанды алауы.  
Токсан ұлттың тағдыры бір тоғысқан,  
Бір жүректен шықты бүгін қалауы.

Қазақ елін ұялаған ырыс-құт,  
Ақ тілек боп ақтарылды ырыздық.  
Егіз болсын арайлаған таңменен,  
Момын елге маужыраған тыныштық.

Нардың жүгін көтерер деп иықты ер,  
Сабырымен сенім артты сүйікті ел.  
Қазағымды қасқа жолдан тайдырмай,  
Тоссын алда әлі талай биіктер.

Ер деп танып елді бастап еңселі,  
Төмендетпес деп сеңеміз еңсені.  
Майлы қазан, ашық аспан, шат ұрпақ--  
Барша үшін абыройдың өлшемі

Садаға деп жаның ұят-арының,  
Талай ақын тілін жаққа жаныр мың.  
Еркін елім ертеңіңе сенімді,  
Бас бақыты осы берген Тәңірдің.

Шамырқанбай шатты көңіл тұра ма,  
Ұрпақ ие байтақ дала, мұраға  
Өрге баста қазақ елін қайыспай,  
Өзің салған Нұрлы жолмен, Нұр-аға!

**Әсия БЕРКЕНОВА,**  
Қазақстанның халық ақыны



# «Сайлау Елбасына халықтың сенімін көрсетті» дейді профессор Сапар Қолдыбаев



**Сәуір айында өткен Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы еліміздегі саяси тарихи оқиға деп бағаланды. Шет мемлекеттерден келген байқаушылардың барлығы да халықтың дауыс беру**

**белсенділігіне, бірлікке таңқалып, риза болып кетті. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы Сапар Қолдыбаевты әңгімеге тартқан едік.**

**– Сапар Әбдіғалиұлы, Қазақстан Президентінің сайлауы елімізде бірнеше рет өтті. Сіз осы жолғы сайлауды қалай бағалайсыз?**

– Сәуірдің 26 - да өткен Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы ең алдымен халықтың Елбасына деген сенімін көрсетті. Сайлаушылардың 97,5 пайызы Нұрсұлтан Назарбаевқа дауыс берді. Бұл бүгін бола салған жылтырақ көрсеткіш емес. Бұл Елбасының көп жылдар бойы халқының алдында, Қазақстан үшін өткен еңбегінің жемісі, еңбек арқылы келген халқының алдындағы беделі. Алдымен экономикаға маңыз берген ірі саясаткер еліміздің экономикалық өркендеуін жүзеге асырды, сол арқылы Қазақстан қазір Орта Азия мемлекеттері арасында көшбасшы елге айналды. Өзі дүниежүзі мемлекеттері басшыларының, саясаткерлерінің арасында беделді лидер болып отыр. Қазір Астанамен дүниежүзіндегі Біріккен ұлттар ұйымы, ЮНЕСКО, Халықаралық валюта қоры, Еуропалық одақ секілді басқа да беделді халықаралық ұйымдар санасады. Сондықтан Қазақстандағы Президент сайлауының нәтижесі күтпеген оқиға емес, бұл осылай болуға тиісті күткен заңды іс болатын.

Біздің сайлаушылардың да саяси көзқарасы қалыптасқан, толысқан, айналадағы ақпараттардан толық хабардар дер едім. Қазір халықаралық жағдайдың, дүниежүзіндегі экономикалық дағдарыстың өкпеден қысып отырғанын олар жақсы біледі. Қазақта «Өткелде ат ауыстырмайды» деген жақсы өмірлік тәжірибеден айтылған тәмсіл бар. Бүгінге дейін еліміздің экономикасын көтерудегі ғаламат істер Елбасына деген халық сенімінің кепілі болатын.

**– Бүгін дүние жүзіндегі экономикалық, қаржылық және айналымыздағы қалыптасып отырған саяси дағдарыс неге байланысты?**

Қазір жалпы алғанда, дүние жүзіндегі қалыптасып отырған жағдайды күрделі деуге болады. Көптеген елдерде ереуіл басылмайды, көптеген жерлерде қан

төгіліп жатыр. Ал Қазақстан тұрақтылықтың үлгісін көрсетіп отыр. Бұл туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев анық та, нақты айтқан болатын. Қазақстанда ең бастысы саяси дағдарыс жоқ! Сонымен қатар экономикалық дағдарыс та жоқ. Әрине, Елбасы айтқандай, сыртқы экономикалық дағдарыстың салдарынан қалыптасып отырған қиындықтар жоқ емес. Ресей рублінің құнсыздануы қатар жатқан, алыс-берісіміз жиі ел болғандықтан бізде де біршама қиындықтар туғызды. Ресей рублі қазір жан-жақтан салынған санкциялардың салдарынан нығайып кете алмай тұр. Бірақ Елбасы теңгенің құнсызданып, құлдырауына жол бермейтінімізді айтты. Мұның өзі еліміздегі ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Алайда, қазір дүниежүзінде экономикалық, саяси күрделі жағдайдың қалыптасып отырғанын тағы да айтқым келеді. Ол өсіресе, Батыс елдері мен Ресейдің арасындағы тай-таласан көрініп отыр, Еуропалық одақ та дағдарыста. Ресей өзінің геосаяси мүддесін көрсетті, ал бұл батыс елдеріне ұнамайды. Екі ірі орталықтың арасындағы тай-талас Украинадағы қантөгісті жағдайға алып келді. Екіншіден Еуропалық одақтағы дағдарыстан Еуропадағы дамып кеткен Германия, Франция, Англия секілді елдер мен дамуы тежеліп, халықаралық қарызға белшесінен батып отырған Греция, Испания секілді елдер арасында айырма, алшақтық өсіп кетті. Олардың бір жағы Еуропалық одақты сақтағысы келеді, екінші жағы одан шыққанды дұрыс деп есептейді. Мысалы, Англия бұл ұйымнан шыққысы келеді, Греция да шыққысы келетінін мәлімдеп отыр. Осының барлығы да Батыс елдеріндегі дағдарысты көрсетіп отыр. Еуропадағы осындай күрделі жағдайлар қалған өңірлерге сабақ болғандай. Сондықтан Қазақстан ішкі саяси және экономикалық тұрақтылықты дамыту үшін барлық мүмкіндікті жасап жатыр.

**– Біздің Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуына бастамашы болды ғой? Осы одақтың нәтижесі қалай болады?**

– Еуразиялық экономикалық одаққа алдымен Ресей, Қазақстан, Беларусь кірді. Қазір оған Қырғызстан мен Армения кіруге аса белсенділік танытып отыр. Алдағы таяу уақыттарда одақ бес елден тұратын болады. Экономикалық одақ қажет, қажеттігін көрсетіп те отыр. Өйткені оған мүше әр елдің өзінің экономикалық жетпей тұрған қажеті болады. Мысалы, Қазақстанды алайық. Біздің еліміз ондаған жылдар бойы шикізат өндіруші өңір саналды. Бұл орайда жағдайы бізден тәуір болғанымен Ресей де шикізат өндіруші елге жатады. Үш елдің арасында Беларусьте ғана өңдеуші өндіріс жақсы дамыған. Беларусь өндірісінің, өңдеу өнеркәсібінің жақсы дамығаны Батыс елдеріне ұнай қоймайды. Сондықтан бұрынғы Кеңестер одағында болған елдер арасында бір біріне алыс берісте, тауар айналымында, дамуда қолдауы болмаса, ешқандай кедергісі жоқ біріңғай нарық құру керек болды. Экономикалық одаққа

өріктеп, қыз балалардың өздерінің бір ерекше қаріптерімен «Мұрат» деп жазылған. «Мұратың кім, құдай-ау, одан да сабағыңды оқысаңшы. Әй, қыздар-ай» деп, іштей ойладым да қойдым. Кереметті алған соң, дәптерін өзіне қайтып бердім.

– Ақжан, рахмет. Мұраттың есімі жазылған парақты мен бірінші көрдім, мұғалім көргенде ұят болып қалар еді, маған қарыздарсың. Әзілім ғой, жақсы, рахмет,– деп, тез айттым да, орныма кеттім.

Ақжан сәл ұялып қалды. Мүмкін дәптердің ішіне салғанын ұмытып кеткен болар. Махаббат, шіркін, кімді болсын мас қылмай ма?

Бұл оқиғадан кейін біраз күндер өтті. Кезекті сабақ күні. Мұғалім жаңа тақырып түсіндіріп жатқан болатын. Кенеттен сыныпқа тәрбие ісінің меңгерушісі Тілеген ағай кіріп келді. Бәріміз орнымыздан тұрып, амандасқан болдық. Ол кісі де басын изеп, оң қолымен отыра беріңдер деген ишара көрсетті. Біздің мұғалімге қарап, Тілеген ағай:

– Рұхсат болса, осы сыныптың бес оқушысын алайын деп едім бірер минутқа, маған тығыз шаруамен керек болып тұр еді,– деді.

Пән мұғалімі келісті. Тілеген ағай, оқушыларға қарап:

– Ғани, Ақжан, Жасұлан, Айнұр және Ержан, – деді. Бесеуіміз орнымыздан тұрып, ағайдың соңынан ердік. Ұзын дәлізбен үнсіз жүріп келеміз.

– Неге сұрап алды екен?–деп, менен Ғани баяу үнмен сұрады.

– Білмеймін, досым. Ешнәрсе бүлдірмеген сияқты едік.

Ар жағымызда үшінші болып келе жатқан Жасұлан іле әңгімеге қосылып:

– Ең бастысы сабақтан құтылып кеттік емес пе? Әйтпесе, енді кішкене отырғанымда жарылып кетер едім,– деді.

– Иә, досым, кішкене демалып қалатын болдық– дедім мен.

Бесеуіміз Тілеген ағайдың ізінен бір елі қалмай келеміз. Қайда апара жатыр екен? Сәл жүргесін белгілі болды. Өзінің кабинетіне беттеп барады. Бәлкім, сыныптың тәртібі жайлы сөйлесуге немесе қайырымдылық қоры деп ата-анамызға хат беріп жіберейін деп жатқан шығар. Сан түрлі ойдың құшағында ағайдың кабинетіне кірдік. Мұғалім рұқсатымен орындықтарға да жайғасып алдық. Ұстаздың түрі де суықтау кісі еді. Қабағы қатулы жүретін. Кейбір бұзықтарға ұрысқанын талай көргем. «Тіл тас жармаса, бас жарады» деген сөздің құдыретін осы ағайдан байқарсың, сөздері сай сүйегінді сырқырататын шешендігі бар. Сол шешендік өнерімен «жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығар» деген нақыл сөздің де шындығын көрсетеді. Көркемдеп сөйлеу Тілеген ағайдың өзіндік қаруы десек те болады. Біз жайғасып болған соң, сөзді бірінші болып ұстаздың өзі бастады:

– Оқушылар, әңгіме былай. Сендерді шақырған себебім, бүгін маған таңертең ұсыныс келіп түсті. 23-ші қараша бес баладан тұратын командалық

сайыс өтеді. Жарыс түрлі тақырыптарда, түрлі бөлімдерден тұрады. Ішінде білім де, өнері де – бәрі бар. Республикалық деңгейде Алматы қаласында өтеді. Сендерді үздік деп таңдап алдым. Ендігі менің ұсынарым, осы сайысқа қаласаңдар, оқушыларың, сендерді апарайын...

Біз не дерімізді білмей қалдық. Біріміз бірімізге қараймыз. Үлкен жауапкершілік екенін бірден түсіндік. Сәл үнсіздіктен кейін, ағайды көп күттірмей, Ғани:

– Мен барамын, ағай! – деді. Ғанидан кейін отыр едім, ағай назарын маған аударып, иегін көтеріп менің ойымды сұрағанын білдірді. Мен де өз кезегімде кідірместен

– Жаман емес, барып Алматыны көріп қайтайық, қандай қызықтар күтіп тұр екен, – деп, тез жауап бердім. Сендер ше деп, ұстаз қалғандарынан сұрады. Олар да бірауыздан келісім берді. Тілеген ағай:

– Жақсы онда. Мен де сендерден осы жауапты естігім келіп еді. Жетекшілерің мен боламын. Алматыны да көрмегелі біраз болды, әйтпесе, – деп, қуанып қалды. – Ендігі мәселе – деп, сөзін жалғастырды ағай. – Ендігі мәселе, сендердің ата-аналарыңның рұқсаты керек, содан жарысқа дайындықты бастап кетеміз, өздерің білесіңдер уақыт аз қалды, небәрі 14 күн, міне, екі-ақ апта қалды, – деп, күнтізбені санап бастады.

Күтпеген жерден қуанышты жаңалық естіп, көңіліміз көтеріліп қалды. Тәрбие ісінің меңгерушісінен бұрын ұрыс қана естіп жүретін едік, енді міне, көңілге жағар сөз де естідік. Алматы жайлы естігеніміз болмаса, көзбен көрмегенбіз. Теледидардан Алатаудың басы мен етегін көріп жүргеніміз ғана бар, анда-санда ата-әжемнің ескі суреттерін көріп, Алматы осы екен ғой дейміз. Медеу мен Көктөбесі ғажап деп жатады. Ауыл балаларына Алматы құпия. Сонау Торғай мен Алматы арасы жақын да емес. Ұшқан құстың қанаты талар қазағымның жері байтақ қой. Өнер қаласы, ғашықтар қаласы. Көптеген өнер туындылары мен әдебиет әлемі осы Алма – атаның төрінде туды емес пе?

Сабақтан соң тезірек, қуанышым ішіме сыймай, анам келіссе екен деп іштей тілеп, жол бойы қиялмен Алматыға сапар шегіп қоям. Үйге келісімен:

– Мама, қайдасыз? Мама! Мен кетем, рұқсатыңызды беріңіз?

Анашым газет оқып отыр екен.

– Балам, мен мындамың– деп, қонақ бөлмеге шақырды. Мен шапшаң қимылдап, қонақ бөлмеге де жеттім.

– Мама, мектеп бізді Алматыға жіберіп жатыр. Барайықшы келісесіз бе? – дедім. Анам болса:

– Ұлым-ау, сонау жаққа не үшін барасыңдар? Кіммен барасыңдар? Жалғызым, қалай барасыңдар онда? – сұрап жатыр.

(жалғасы келесі санда)

Кенже ОРАЛҰЛЫ,

# Мөлдір махаббат

## Әңгіме

(Басы 2-санда)

Озат оқушы болдым. Сабақ үлгерімім өте жақсы еді. Мектеп қабырғасындағы қызықты күндерім тез өтіп жатты, құдды бір жұмақта жүргендей уақыт байқалмайтын, шіркін! Кезінде керек десең әлемнің бар байлығын ұсынған Ақжанға, бұл күндері сабақ айтып жарысқанда бесті де қимай қалатын жағдайға жеттік. Одан қалып қойғанымаша іштей қынжылып келесі де озып түсуге сабақтан бас алмай күндіз-түні дайындалатын едім. Сөйтіп, жүріп бой түзеді.

Уақыттың зымырағаны соншалық, көзді ашып-жұмғанша оныншы сыныпқа да келіп жеттік. Бірақ бұл жолғы қоңырау ерекше соғылғанын байқадым. Сыныптағы ұл-қыздар сабақты кейде ысырып қойып, нағыз махаббатты әңгімелейтін болды. Айтып жатқандары маған қызықсыз көрінетін. Барлығын бірдей махаббаттың желі боран боп келіп соққандай, тек мен үйде отырып одан аман қалғандаймын. Тіпті, кезінде менің бала күнгі алапат сезіміме тойтарыс беріп «кетші бар» деген Ақжан қыз да бұл бораннан аман қалмапты. Оның да, сірә, бір ұнатқаны бар-ау деймін. Осылайша, махаббат дерті менің достарымның бәріне жұғып, ауырумен болды. Мен ше, мен болсам оған қарсы бұрын Ақжан егіп берген инемен жүрмін десем де болады.

Сыныптың ұлдары өте бауырмал, тамаша дос болып өстік. Ауыл балалары ертеден солай ғой. Достыққа берік. Арамыздан қыл өтпейтін жақындық, татулық болатын. Бәлкім, кішкентайдан бірге өскеннен болар, біріміздің жағдайымызды айтқызып білетінбіз. Соған сәйкес көмекке де дер кезінде табыла кететінбіз. Жұмыла кетіп жұдырық болып, тізе қосып тау қопарар достық болды. Сондай достықтың бір бөлшегі Ғани дейтін жолдасым бар еді. Ұзын бойлы, сары бала. Әрдайым әзіл мен әңгімені бірге алып жүретін. Жеке қалса зеріктірмейтін қасиеті бар. Әңгіменің кез келген тақырыбында сөз таба білетін, адамдармен тіл тапқыш көңілі ашық жігіт. Сол Ғани бір күні келіп:

– Е, досым есінде ме алғашқы махаббатың?- деді. Мен бірінші де түсінбей қалдым.

– Қайдағы алғашқы махаббат?

– Сонау 45-ші.. жылғы, деді.

– Әзілдемей айтсаңшы, досым-деп сұрай бастадым. Ол құйтырқылана күліп,

– Білмей қалуын қарашы, баяғыда сол үшін біраз ылаң салып едің бала кезінде, досым. Күнде көріп жүрген адамыңды қалай ұмытасың? – деп, өткенге біраз оймен сапар шектіріп жіберді. Ойланып қалыппын, бесінші сыныпты еске алып, басымды шайқап күліп отыр едім, досым қайтып сұхбатына тартты.

– Сол сенің алғашқы махаббатың-деп, бастай бергені сол еді, мен әзілмен қағытып:

– Досым, алғашқы емес, балалық махаббат, әйтпесе өзің білесің ғой жас күнімізде қандай қызқұмар едім.

Осы кезде екеуіміз барынша күліп, бір-бірімізге риза болған түрде, шапалақпен алақанымызды бір соғып алдық.

Сәлден соң досыма:

– Бауырым, жалғастыра бер, не айтқың келді?...- дедім.

– Айтайын дегенім, Ақжан бар емес пе?...-

– Иә.

– Сол жасырын бір жігітпен сөйлесіп жүр екен. Сыныптың қыздары айтады. Айтуларына қарасам өзінен бір шама жас үлкен дейді. Өзі бұл жақтың жігіті емес екен.

– Аа, араласа берсін. Бәлкім өмірлік жан-жары болып қалар.

– Бәлкім, өмір қандай сыйлықтар дайындап қойғанын кім білсін?... Мен жай айтып жатқаным ғой. Үнсіздік.

Бұл әңгіме негізі маған ешбір әсер етпеген еді. Қызғанып қиналатындай мен Ақжанға ғашық болмадым ғой. Болса да ол бала күнімде. Балалықта не болмайды дейсің, ерке бала әдемі нәрсенің бәрін өзінде ғана болғанын қалайды емес пе? Ақжан екеуімізде осы мектеп қана ортақ басқа ешнарсе жоқ. Үнсіздікпен Ғани екеуіміздің әңгімеміз үзілген еді. Ғанидың бұл жайтты маған неге айтқанын сұрамадым да. Мүмкін әлі ұнатады деп ойлаған шығар, бірақ ол менің жақын досым, мен не ойлап кімді ойлайтынымды одан артық білетін адам жоқ. Бәлкім, сыныптасымыз болған соң айтқан болар, иә, солай да шығар...

Күндер болса өтіп жатты. Түндер ұзарып, күндер қысқарып ертегімен көп ұқсасы бар қыс та жақындап қалды. Далада қара күздің ызғары соғып тұр. Осындай суық күндердің бірінде сабақта отыр едім, апайымыздың үйге берген бір тапсырмасын орындауды ұмытып кеткенім есіме түсті. Сабақ уақыты болса жақындап қалды. Дереву Ақжаннан барып дәптерін сұрадым. Сұрауымның да себебі бар, Ақжан басқаларға қарағанда тапсырмаларды ұқыпты орындайтын.

– Ақжан, маған осы сабақтың дәптерін бере тұршы, сенен үй тапсырмасын жазып алайын? – дедім. Ол да ойланбастан.

– Иә, әрине, міне, – деп, бірден ұсынды.

Жылдам орныма отырып көшіруге кірістім, дәптердің беттерін парақтай бастағаным сол еді, алдыма бір жапырақ парақ түсті. Әдемілеп,

кірген елдер арасында жұмыс күші қозғалысында, білім алуда, мәдени байланыстарда кедергі болмайды. Бұл туралы 1994 жылы наурыз айында Нұрсұлтан Назарбаев Мәскеу университетіндегі кездесуінде айтқан болатын. Елбасының бұл ұсынысы кешеуілдеп барып, жүзеге асқанымен өзін ақтайтынын көрсетті.

Еуразиялық экономикалық одақ аяғынан енді тұрып келеді. Алдағы уақытта ол өзіне мүше елдердің барлығының экономикалық дамуына ықпал ететін болады деп сенеміз. Қазір дүние жүзінде барлығы да топтасып жатыр. Нұрсұлтан Әбішұлы мұндай топтасу тек экономикалық тұрғыда болуы керектігін айтып келеді. Соңғы жылдары Ресей Президенті Владимир Путин экономикалық одаққа кірген елдер аумағында біріңғай валюта болуы тиіс деген ұсыныс пікірді екі рет көтерді. Біз бұл ұсынысты әлі қабылдаған жоқпыз. А.Лукашенко мен Н.Назарбаев бұған әлі нақты жауап берген жоқ. Белорусьтің және біздің Үкімет мұндай ұсынысты қабылдауға әлі ертерек екенін айтып отыр. Үстіміздегі жылдың қыркүйегінде үш елдің басшылары мен Үкімет мүшелері тағы да жиналып, осы мәселенің бүге-шігесін тағы да талқылайтын болады. Нәтижесін уақыт көрсетеді.

– Сіз қалай ойлайсыз, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерге ортақ валюта керек пе?

– Мен қажет дер едім. Бірақ бұл саяси тұрғыдан қарағанда жол берілуге тиіс емес қадам секілді көрінуі мүмкін. Бірақ одақ саяси тұрғыдан топтану емес. Сондықтан экономикалық қатынастар үшін валютаның ортақ болуы көптеген мәселелерді жеңілдетеді. Бұл әрине, біздің Елбасы мен Үкіметіміз, экономист ғалымдарымыз кеңесіп қадам жасайтын мәселе.

– Елбасы өткен жылы Ұлытауда берген сұхбатында және одан бұрын да тарихымызды, тамыры тереңде жатқан дәстүр-салтымызды дәріптеуге аса маңыз берді. Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеу де Елбасымыздың осы ойларымен астасып жатыр емес пе?

– Әрине. Мынандай аксеома бар. Әр халық, әр ұлт өзінің терең тарихи мұрасы болғанда ғана оның рухани қазығы мықты болып саналады. Тарихи мұра тарихи сананы қалыптастырады. Әр халық өзінің тағылымды тарихымен, көшбасшыларымен, әдебиеті мен бай мәдениетімен мақтанарлық болса, көз алдымызда оның беделі артып, еңсесі биіктей түседі. Аталарымен, бабаларымен мақтана алатын халық бақытты емес пе? Сондықтан әр халық өзінің өткенін бағалайтыны жалпы заңдылық болып саналады. Әрине, осыған байланысты қиғаштықтар, асыра сілтеушіліктер да орын алмай қалмайды. Мысалы, кейбір кісілер Шыңғысханды, Әл-Фарабиді, Ақсақ Темірді қазақ еткісі келеді, осындай дәлелсіз ұшқары пікірге дейін барады. Тарихымызда архив материалдарымен, шежірелермен дәлелденген оқиғалар бар. Қазақ хандығының 550 жылдығы осындай бұлтартпайтын шындықтың бірі. Осыда 550 жыл бұрын қазақ хандығы құрылып, ол үш жүздің басын біріктірді. Бұл алғашқы қазақ мемлекеттілігінің көрінісі болатын. Әрине, мұны атап өту өте маңызды. Бұл бір жағы. Екіншіден біздің тарихшы, философ тағы басқа ғалымдарымызға мұны зерттей түсу керектігі де білінеді. Біреулер қазақ хандығы мемлекет болды, біреу мемлекет болған

жоқ дейді. Мен ғалым ретінде қазақ хандығы өзінің айырықша ерекшеліктерімен батыс мемлекеттеріне ұқсамайтын мемлекеттілік еді дегім келеді. Бұл мемлекеттің классикалық түріне жатқан жоқ, қазақ хандығы қазақ мемлекеттілігінің ерте көрініс тапқан түрі. Дұрысы мемлекеттілігінің көрінісі деуіміз дұрыс болар. Айырықша ерекшеліктер экономикалық тұтастығында немесе қауымдастығында, көпшілік билігі, құқықтың болуы, халықтың жиынтық болып тұруы сияқты белгілерден көрінді. Көптеген ғалымдар, оның ішінде мені де қосуыңа болады, қазақ хандығы мемлекеттілігі дегенді жақтайды. Мемлекеттілік дегеніміз, бұл кезеңде мемлекеттің нышандары, түрлі элементтері көрінеді. Билік болды, бірақ ол Батыс елдерінің тарихындағы корольдік, монархтық билік секілді болған жоқ. Қазақ рулары ханға бағынды, бірақ былайғы кезде өздерімен өздері болды. Тұрақты армиясы да болған жоқ. Ал елге жау шапса батырлар бастаған халық жұмылып атқа қонды.

– Сапар Әбдіғалиұлы, қазір жұрттың барлығы әлеуметтік желілерді пайдаланады. Қандай мәселе жөнінде де алуан түрлі пікірлерді оқуға болады. Сонда біздің тарихи зерттеулерімізге байланысты «Біз өз тарихымызға байланысты сілтемелерді неге Ресей архивтеріндегі материалдарға ғана жасаймыз? Неге Қытай, Үнді, жалпы Орта Азия елдері секілді өзге елдер архивтерін іздемейміз?» деген пікірлер көрініс береді. Осыған қалай қарайсыз?

– Бұл – ұшқары пікір. Қазір Тәуелсіз елімізде ғалымдар халқымыз тарихына байланысты деректерді қайдан іздеймін десе де кедергі, қолбайлау жоқ. Қытайдан іздесін, Үндістаннан, Ресейден, тіпті парсы, араб елдерінен іздесін, оның өзінің ізденісіне байланысты. Бұл бірінші мәселе. Мен екінші мәселені айтар едім. Ғылымның беделін көтеру қажет. Ол үшін қаражат жағынан қолдау көбірек болуы тиіс. Ғалымдарға мемлекет тарапынан көбірек қаржылай қолдау болып, және беделін арттырса, жастар ғылымға көбірек келер еді. Олардың тек Ресей архивтеріне ғана бармай, өрісі кеңейер еді. Біздің жоғары оқу орнын үздік оқыған, ғылымға икемі бар жастар дипломын алғаннан кейін күн көрістің соңына түсіп, бизнеске, құқық органдарына, мемлекеттік қызметке кетеді. Ғылымның жолы оңай емес, ол – ауыр жол. Мен мынадай пікір айтқым келеді, қазақ халқының тарихы тек қазақты ғана ойлантуы, мүдделі етуі тиіс. Бұл – біздің халықтың тарихы.

– Елбасының Мәңгілік ел идеологиясының мән-маңызына тоқтала кетсеңіз.

– Елбасы айтқан Мәңгілік ел идеологиясының мән-маңызы өте тереңде. Ол өте дурыс көтерілген ұран дәрежесіндегі мәселе. Оны қалай жүзеге асыруымыз қажет? Маңыздысы да осы емес пе? Оны нақты іс жүзіне асыру үшін әр қазақстандық, әр қазақ өз ісін дұрыс атқарса жеткілікті. Мысалы, студент жақсы оқымаса, уақытын текке жібермей сапалы білім алмаса, ол үшін басқа елден келіп ешкім оқымайды. Бүгінгі жақсы студент – елдің болашағын ойлайтын ертеңгі білікті маман. Яғни студент сабағын жақсы оқысын, оқытушы сапалы білім берсін. Еңбек салтанат құрған елде болашақ бізді жақсы қарсы алады.

Сұхбаттасқан Нәзира СЫРОВА

# Елбасымыз – көшбасшымыз

Қоғамда Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің кезектен тыс президенттік сайлау өткізу туралы үндеуі кең қолдау тапты. Оны бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған әлеуметтік әртүрлі топтар өкілдерінің қолдау пікірлері айқын аңғартты. Халық еліміздің бүгінгі қол жеткізген табыстарын Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің сарабдал саясатымен сабақтастыратынына анық көзіміз жетті. Қашанда халқының қамын ойлайтын Президент Нұрсұлтан Назарбаев таағы да көрегендіктің үлгісін көрсетті, көптің көңілін күртте етпеді, халқының қалауын қалтқысыз ұғынды. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Үндеуін оқып, танысып, Елбасының елдік мүддеге адалдығына таағы күә болдық. Осыған орай біз де ұстаз бен курстастарының ойын сұрап білдім.

**Нағашыбай Мұқатов, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты:**

– Президент сайлауы жоғары деңгейде, ұйымшыл жағдайда өтті. Әркім өзі қалаған үміткеріне дауысын берді. Жасыратыны жоқ, мен қазіргі Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа өз дауысымды бердім. Оның өзіндік сыры бар, мен Президентімізбен қызмет бабында журналист болып жүрген жылдары жүздескен адаммын. 1992 жылы Қостанай қаласына келгенде, ол кісіден сұхбат алғанмын. Ел жер жайлы сырласқан сәттеріміз болған. Ал енді неге дауыс бердім дейтін болсам, дәл сол кандидаттардың ішінде ғана емес, жалпы бұл кісімен таласатын, бұл кісімен бәсекеге түсетін адамның төбесі әзірге көрініп тұрған жоқ. Бұл кісі шын мәнінде біртуар, қазақтың болашағы үшін жаралған жан деп айтуға әбден болады. Менің қатты сүйсінетінім, бұл кісі екі тілде де шебер сөйлейді. Кейбір басшылар осы кісіден үлгі алса деп кейде армандаймын. Ал енді саясаткерлігінде шек жоқ. Өйткені, Қазақстанда Нұрсұлтан Назарбаев президент болған жылдары, бірге туысқан Түркиядан бастап, шет елдер мойындады. Қазақстан деген ел бар екенін сезінді.

**Жұпар Қожахметова, ҚМУ ГӘФ журналистика мамандығының 2-курс студенті:** Мен өз дауысымды Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа бердім. Өйткені, Нұрсұлтан Әбішұлының Отанымыздың іргесі бекіген тәуелсіз мемлекет бо-

лып қалыптасуына сіңірген еңбегі шексіз екенін тек қазақстандықтар ғана емес, бүкіл әлем біледі. Жастар үшін кемеңгер президентіміздің кемел бастаулары біздерге жаңа шыңдарды бағындыруға көптен көп шабыт береді. Әр жылы халыққа арнайтын Жолдауларында Отанымыздың дамуына ең қажетті деген келелі мәселелер мен тапсырмаларды көрегендікпен, дер кезінде қоя білуінің арқасында бәсекеге қабілетті елдің қатарына енгеніміз – Н.Ә.Назарбаевтың нағыз Көшбасшы екенінің дәлелі. Нұрсұлтан Әбішұлының ендігі мақсаты – Қазақстанды дағдарыстан аман-есен алып шығып, бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енгізу. Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау арқылы Мәңгілік Елдің беделін әлемдік деңгейде ұлықтау, іргесін тағы да бекіте түсу. Бүгінде «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы бойынша қарқынды жұмыс басталып кетті. Алдымызда Елбасы еңбегінің арқасында жеңіп алған ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу міндеті тұр.

**Жанболат Кенжеғұл, ҚМУ ГӘФ журналистика мамандығының 2-курс студенті:** Елбасы, Н. Назарбаев Жолдауында: «Мен сіздер, бүгінгі жастар, ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты – біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер», – деп пайымдаған. Мені Елбасының осы айтқан сөздері қанаттандырады. Сөзсіз өз дауысымды еліміздің еңселі азаматы, Қазақ деген атты бүкіл әлемге танытқан Президентімізге бердім. Елбасымыз жарқын болашақтың айқын көпілі. Бүгін жас қазақстандықтар өздерінің Президенті Н.Ә.Назарбаевқа сенеді.

**Дайындаған Әсел АХАНОВА, ҚМУ ГӘФ журналистика мамандығының 2-курс студенті**



оқудан қалып барады. Өйткені, техникалық прогрессі. Ақпарат көп, жан-жағымыздың бәрі экран, ақпаратты саусақпен түртіп алып отырамыз деген бір ақталу сөз бар. Осыдан жиырма жыл бұрын Әлеуметтік – экономикалық қиындықтар көп болды. Тұрмыс қиындады. Сол жағдайда кітап оқу, жалпы руханият мәселесі өте қатты күйзеліске ұшырады. Ең алдымен, әдебиетіміз, өнеріміз өркениеттің нәзік тұстары соққыны бірінші қабылдайды және содан зардап шегеді. Бірақ барлық салалар дамып жатқанымен, руханиятымызда осы кесел терең із қалдырды. – Мұқағалидың өлеңдерін, Шыңғыс Айтматовтың кітаптарын іздеп оқитын Кешегі керемет романтик жастардың бүгін «Менің ұрпағым кітап оқыса да, оқымаса да өзінің нанын тауып жесе болар, әйтеуір аман болса болды» деген ұстанымды ұстанғандай. Қауіптісі де осы. Бірақ бұл болашақта түзеледі деп ойлаймын.

**Айгүл ҚАБДОЛЛАҚЫЗЫ, облыстық әмбебап кітапхана қызметкері:**

Біздің кітапхананың қазақ бөлімінде 70 мыңға жуық кітап бар. Басым бөлігі мемлекеттік тапсырыс бойынша келіп түседі. Мұның көбі «мәдени мұра» бағдарлама аясында қамтамасыз етілген. Бұл жерде жаратылыстану және көркем әдеби кітаптардың саны басым. Одан бөлек біз кітапхана қорын оқырмандар сұранысына сай толықтырамыз. Көптің таңдауы түскен кітаптарды «Атамұра» баспасынан сатып алып отырамыз. Көпшілік іздеген кітабын таба алады. Ал



халықтың кітапқа деген қызығушылығы бүгінде жаман емес. Сырт көзге

кітапхана оқырмандары аз болып көрінгенмен біздегі статистикалық сандарды сөйлетер болсақ, күніне қазақ бөліміне орташа есеппен 100-150 ге жуық оқырман келеді. Қызмет көрсету кезінде оларға 300-400 шамасында әдебиеттер беріледі. Зейнеткерлер мен мұғалімдерден басқа мектеп оқушыларының да кітапқа деген құштарлығы зор. Әсіресе 8-ші, 11-шы сынып аралығындағы оқушылардың қарасы мол. Жалпы қорыта айтқанда кітап оқылады, кітапты іздеушілер әрқашан кездеседі.

**Алмас МҰРАТБЕКОВ, студент:**

– Бүгінде техника мен ғылымның дамыған кезеңі болған соң, жастарды көбіне ғаламтордан кездестіреміз. Дегенмен бұл жастар кітап оқымайды деген сөз емес. Мәселен көптеген оқу орындарының білім алушылары қайткен күнде де кітапхана қызметіне жүгінеді. Өйткені көптеген ғылыми дерек көздері



кітапхана сөрелерінде шоғырланған. Бір жағынан ғаламтордағы сенімсіз немесе жалған ақпараттарға қарағанда, шыннайы әрі білімнің қайнар көзі кітап пен кітапханада. Оқу барысында жастарға да қойылатын талап бар, сол себепті кітапханаға жастар келеді. Кітапхана деген ғылыми ізденістегі болсын, әдебиет сүйер қауым үшін де қасиетті орын. Сол себептен де кітап оқылады дегенді күмәнсіз айтуға болады.

**Дайындаған Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ, ҚМУ ГӘФ журналистика мамандығының 2 курс студенті**

# Кітапқа құштарлық қандай?

Бүгінде жастардың кітапқа деген қызығушылығы бар ма, болса қаншалықты деңгейде? екендігін бүкіл ақыл-ойдың маржаны кітапта жатқанын ғұламалар айтқан. «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» дейді ұлы Абай. Ал У.Шекспир: «Кітап маған тақтан да қымбат» дейді. Бүгінгі замандастарымыз Василий Каменскийдің «Кітап – ақылды қуаттандыратын құрал» деген сөзін әрдайым есте ұстаса ләзім еді. Сонымен біздің қоғамда кітап оқыла ма? Жастар пікірін жинаған едік.

Дастан ҚАЛИЕВ, магистрант:

– «Кітап білім бұлағы, білім өмір шырағы», демекші қазіргі кітап оқу барысы қандай, жастар қаншалықты кітапқа жақын?» деген сұрақтар шынымен де ойландырды. Бұрын кітап оқу



бағдарламасынан бөлек бір хобби іспеттес еді, әр адам кітап оқып, өзінің жан-жақтылығын дамытамын деген ойда болатын. Қазір кітапты тек сабаққа дайындалу кезінде ғана қолға алса, оның өзінде интернет желісінде кездеспейтін ақпараттарды іздеу үшін және сол ақпаратты көшіріп алуы үшін ғана іздейді. Кітап тек оқып қана қоя салатын құрал емес. Ол оқып, оны ой елегінен өткізіп, көкейге тоқыған кезде көп пайда сарқылмас байлық алып келеді. Көпке топырақ шашудан, әрине, аулақпын,

десе де қазіргі замандастарымның кітапты тек сөредегі көрме құралы ғана қылып қойғаны қынжылтады. Кітапхана бұрын абыр-сабырда болушы еді, оқырмандар соңғы оқыған кітаптарын бір-бірімен талқыласып отыратын, бүгінгі күннің кітапханасы бос қалуда, оқырман келсе де дүкеннен нан алып шығуға келгендей 5-10 минутта кіріп шығып кете салады. Мүмкін бұл заманның өзгеріп, техникалық дамудың бір көрінісі де болар, бірақ кітап оқу барысында адам бір дем алып, рухани байып, демалып қалатынын ескерсек, бұл істі заман өткелдерінде қалдырмау керек деген көзқарасымды білдіремін.

Арай ҚҰЛТАЕВА, студент:

– Қазіргі таңда жастар үшін кітап оқу сәннен қалып бара жатқан секілді. Себебі, белгілі бір материалдар, деректер іздеу үшін ғаламтор пайдалы. Әрі керегіңді тез арада тауып аласың. Әрине бес саусақ бірдей емес қой. Кітапты оқитындар да бар. Бірақ 10 адамның ішінен 1-2-і ғана табылар.

Иә, жаңалықты, бүкіл әдебиеттегі болып жатқан өзгерістерді іздеп жүріп оқитын жас буынның, үлкендердің де кітап оқудан алыстап кеткені ешқандай көлеңкелейтін мәселе емес. Шынында да адамдар кітап



# «Елбасының жеңісі – менің жеңісім, сенің жеңісің!»

Сайлауда Н.Назарбаевтың жеңіске жетуі барша қазақстандықтардың қуанышына айналды

Қостанайда өткен жеңімпаздар форумында Спорт сарайы қостанайлықтарға

Н.Назарбаевтың Қостанай қалалық штабының мүшесі Евгений Вильямс Елбасы жеңісі – халықтың

Кеншілердің, машина жасаушылардың, құрылысшылардың, студент жастардың «Алға, Қазақстан!», «Нұрсұлтан, Қазақстан!» деген дауысы болашаққа дұрыс таңдаудың кепіліндей естілді. Сайлау Қостанайда да сайлаушылардың белсенділігімен өтті. «Сырткөз-сыншы» дегендей, оған шетелдерден келген байқаушылардың қайсысы болса да таңқалып кетті.

«Мәңгілік ел» идеясы, «Нұрлы жол» экономикалық стратегиясы Қазақстанды гүлдендітіп, әлемнің озық 30 елінің қатарына қосу мақсаты жалғасын табатын болады. Форумда «Нұр отан» партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ә.Сапарова сайлау бірлік пен абыройдың көрінісі болғанын айтты. Мұнан кейін Елбасының саясатын Қостанай өңірінде жүзеге асырушы өкілі болып саналатын облыс әкімі Нұралы Сәдуақасов сөз алды.

– Халықаралық байқаушылар мен саясаткерлер Қазақстан Президенті сайлауының мөлдір және өте жоғары дәрежеде өткенін мойындап отыр. Дүниежүзінде сайлаушылар дауысының 97,5 пайызын алған ешкім жоқ. Бұл халықтың сүйікті Президентіне деген шынайы сенімі болып табылады. Қазақстан халқы өзінің тастүйін бірлігін тағы да дәлелдеді. Осындай бірлікпен Қазақстан алға баса берсін! – деді Нұралы Мұстафаұлы.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті ректорының кеңесшісі Михаил Дәуенов, Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесі, облыстық архив директоры Валерий Вишниченко,

жеңісі деген лебізін білдірді.

– Қадірлі жастар, қадірлі достар! Елбасының жеңісі – менің жеңісім, сенің жеңісің, бәріміздің жеңісіміз, Қазақстанның жеңісі! Біз бір елміз, бір халықпыз, тағдырымыз бір. Елбасымен біргеміз! Елбасының жеңісі жасасын! Мәңгі ел жасасын! – деді Михаил Дәуенов жастар рухын көтеріп. Оның сөзін жастар дуылдата қол соғып, «уралаған» дауыспен қолдайтындықтарын білдірді. Халық ақыны Әсия Беркенова қуанышын «Желбірейді бейбіт күннің жалауы, ынтымақтық лаулап жатыр алауы» деп басталатын жыр жолдарымен жеткізді. Форум патриоттық әндермен көркемделді.

Сонымен қатар Қостанай қаласындағы Достық үйінің алдында жастар қуанышын флэш-моб билеп білдірді.

Ұлан БАУЫРЖАНҰЛЫ



# Батырға батыр қос

Осыдан 72 жыл бұрын Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған жауынгердің құжаты табылды

Екінші Ұлы Отан соғысында ерлік көрсетіп, Кеңес Одағының батыры атағына ие болғандардың 31-і қостанайлық жауынгер бар болатын. Сүйегі майдан даласында қалған боздақ Қасым Ахметовты да енді батырлар қатарына қоюға болар. Оны Кеңес Одағының батыры атағына ұсынған марапаттау қағазы 72 жылдан кейін табылып отыр. Қостанай облысының Меңдіқара ауданының Төлеңгіт ауылында 1917 жылы туған Қасым Ахметов 1939 жылы қыркүйек айында Қызыл әскер қатарына шақырылады.

Ресейдің Подольск қаласындағы 1941 жылмен 1980 жылдардың аяғына дейінгі әскери құжаттар сақталған Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық архивінен табылған 1943 жылы 30 желтоқсанда толтырылған марапаттау қағазында Белорусь майданы 63 армиясына қарасты 41 атқыштар дивизиясының 244 атқыштар полкі 2-атқыштар ротасының бөлімше командирі, кіші сержант Ахметов Қасым Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылғаны айтылады. Онда: «жолд. Ахметов 244-атқыштар полкі құрылғаннан бастап, барлық ұрыстарға белсенді қатысты. 1943 26 шілдеде Хатетово темір жол станциясының маңайындағы немістің артиллерия және пулемет күшіне қарсы ұрыста «Отан үшін», «Сталин үшін» деген ұранмен ротаны жауға қарсы көтеріп, темір жол станциясын алғанда бірінші болып жеткен. Өз ерлігімен Ахметов осы шайқаста немісті жеңгені үшін Қызыл ту орденімен марапатталды.

1943 жылдың 23 желтоқсанында Малый Козловичи селосының аумағында неміс әскерлері танк пен зеңбірек күштерімен ыңғайлы межені (зират аумағы) алуға тырысты. Ахметов басқарған 17 адамнан құралған топ 3 сағат бойы толық қамалда 6 рет жаяу әскермен, танк және зеңбіректермен неміс шабуылына тойтарыс берді. Бұл шайқаста 100-ден астам неміс жауынгерін жойып, 3 күн

бойы сұрапыл қанды шайқаста алынған маңызды межені жауға бермеді. Отан үшін жасаған ерлігіне Ахметов жолдас Кеңес Одағының батыры атағына ұсынуға лайықты» деп жазылған. Өтініштің соңына 244-атқыштар полкінің командирі М.В. Колесов қол қойған, оны 41-атқыштар дивизиясының генерал-майоры А.И. Сурченко қолдаған.

Бір өкініштісі, осы марапаттау қағазы жоғары әскери басшылықта қаралмаған, Қасым Ахметовке Кеңес Одағының батыры атағы берілмей қалған. Ұсыныстың не себепті жоғары сатыға жетпей қалғаны белгісіз. 1945 жылдың 16 сәуіріндегі шайқаста, Жеңіс күніне аз ғана уақыт қалғанда автоматшылар взводының командирі Қасым Ахметов қаза табады. Соғысқа еврейтор болып кіріп, взвод командиріне дейін өсіп, көзсіз ерліктер көрсеткен лейтенанттың сүйегі Германияның Бранденбург жеріндегі Одердегі Франкфурт округінің Зеелов ауданы Лебус елді мекенінде жерленген. Қазір замандастарынан Қасымның көзін көрген жан да саусақпен санаулы.

– Қасым аға – менің әкемнің кенже інісі. Қызыл Армия қатарына 22 жасында алынды. Ол кісі армияға кеткенде мен 8-9 жастағы бала едім. Қасым аға бойшаң, сұңғақ денелі, ірі жігіт еді, бойы 190 сантиметрдей болатын. Қасым ағаның қолы шебер жігіт еді, үй салғаны, қора-қопсыны тұрғызғаны менің көз алдымда. Ол кезде құрылыс материалдары деген болмайды, мал қораны, жылқы тұрағын талдан тоқыды. Кірпіш те жоқ ол уақытта. Пешті саз балшықтан жасағанын көзім көрді. Қасым ағаның қасында жүреміз, бізді саз, су тасуға жұмсайтын. Қазір ойласам сол кезде 20 жаста ғана екең, қалай ерте есейген десеңші, – дейді бүгінде 84 жастағы Қажымұқан Көшмұрзин ақсақал.

Қасым Ахметов туыстарының қолында Польшаның Любин қаласында 1944 жылы 5 желтоқсанда түскен оның бір ғана суреті сақталып

## Өнерлі, белсенді, жігерлі жас

**Аты-жөні:** Жадыра Жантақбаева  
**Факультеті:** Гуманитарлық-әлеуметтік факультет

**Мамандығы:** Қазақ филологиясы

**Курсы:** 3 курс

**Хобби:** Бос уақытында ән айтып, кітап оқығанды, университет қабырғасында өтіп жатқан шараларға қол ұшын беріп, студенттік өмірін жарқын еткенді жақсы көреді

**Сүйікті кітабы:** «Махаббат қызық мол жылдар», «Аққан жұлдыз», «Госпожа Бовари»

**Арманы:** Ата-ана үмітін ақтап, жан қалауы бойынша журналист саласында қызмет ету

**Өмірлік ұстанымы:** «Мәңгі сені жазбаған сүрінуге, қайта тұрып қақың бар жүгіруге» деп ақиық ақын, қазақтың біртуары Мұқағали атамыз жырға қосып кеткендей, қиындықтарға мойымау.

**Жетістіктері:** «Асыл ару-2014, 2015» байқауының ұйымдастырушысы, 8-ші және 9 халықаралық пікір-сайыс турнирінің ұйымдастырушысы әрі төрешісі, 2014 жылы өткен облыстық пікір-сайыс турнирінің үздік спикері, 2014 жылы «Күннің соңғы батуы» турнирінің үздік төрешісі, 2014 жылы өткен облыстық турнирдің 2 орын жүлдегері, биылғы оқу жылының гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің студенттік деканы

**Көпшілік пікір:** Жадыра өте белсенді әрі жаны жаңалыққа құмар студент. Айналасындағыларға үнемі қамқор болып жүреді, факультеттің де әрбір ісін мұқият атқарады.





**Ж**ерлесіміз, қазақтың көрнекті ақыны Қайнекей Жармағанбетов ұлттық әдебиетке оқиғалы өлеңді берік орнықтырған қарымды қаламгер. Оның "Кекті бала", "Бидай туралы баллада", "Жидебайдың күндері мен түндері", "Фирдоуси туралы баллада", "Мұғалима" деп аталатын шығармалары әдеби қазынамызға қосылған сүбелі еңбектер. Біразы кезінде мектеп



## Қазыналы Қайнекей

оқулықтарына да енгізілді. Мұның сыртында Қайнекей қоғам, уақыт тынысы, адам туралы лирикалық өлеңдерді көптеп жазған. Ақын жастайынан жетімдік көріп, балалар үйінде тәрбиеленгендіктен өмір соқпақтарын бала кезінен сезінді. Соғысқа бармаса да осы тақырыптағы жырларды негізгі мазмұнға айналдырды. Қостанай облыстық тарихи-өлкетану мұражайында көрнекті ақын Қайнекей Жармағанбетовтың жырларындағы ерлік, отансүйгіштік, намыс мәселесін қозғаған ұлы жеңістің 70-жылдығына арналған "Соғыс деген суық сөз" атты кеш болды.

Бұқаралық-көпшілік сипаттағы мәдени шараны мұражайдағы ғылыми-әдістемелік жұмыстар бөлімінің меңгерушісі Нәзіма Оташева ұйымдастырды. Аталған кеште ақынның фотосуреттері, кітаптары қойылған көрме жұртшылық назарын аударды. Жармағанбетовтың көзін көріп, дәм-тұздас болған жерлестері, туыстары, ақын-жазушылар сөз сөйледі. Жұртшылық Алтынсарин ауданынан арнайы келген ардагер Ж.Сейітов, өлкетанушы Қ.Орманов, ақындар С.Оспанов, А.Шаяхмет лебіздерін ынта ықыласпен тыңдады. Қайнекейтанушы ақын, ғалым Н.Мұқатов көрнекті қаламгердің шығармашылық жетістігіне



Суретте: кештен көріністер

шолу жасады. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті мұрағат бөлімінің меңгерушісі Айшагүл Оразбайқызы ақынның әйгілі "Кекті бала" балладасынан үзіндіні, ал студенттер Е.Егізбаева, А.Құлтаева, Ж.Тосывалар соғыс тақырыбына жазылған өлеңдерді нәшіне келтіре оқыды. Меңдіқара аудандық мәдениет үйінің қызметкері, белгілі әнші, сазгер Б.Сәуекенов ақын Н.Мұқатовтың сөзіне жазылған Қайнекей рухына арналған "Терең едің теңіздей" әнін орындап берді. Жалпы "Соғыс деген суық сөз" деп аталған кештің жиналған үлкенді кішілі қауым үшін тағылымдық жағы мол болды.

Гүлнұр КӘКІМБЕК

## Қосылды

қалыпты. Суреттің артына «әкесі Ахметке ұлы Қасымнан ұмытылмас үшін естелік» деп жазған.


– Қасым ағамның суреттерін, жазған хаттарын Шөкілай әжем сандығында сақтап жүреді екен. Соңғы хатында «қоян-қолтық ұрыстан шықтым, аман қалдым. Одер өзенінің жағасында отырып, сендерге хат жазып отырмын. Мені ойлай бермеңдер, елге жеңіспен ораламын» деп жазған екен. Хаттарды оқыған үлкен ағаларымнан осыларды естіген едім. Жеңістен бұрын ауылға «қара қағаз» келеді. Ауыл басшылары Қасымның қазасын қариялар көтере алмайды деп, көпке дейін естіртпей, жасырын ұстаған. Кейін естігенде әжеміз күйікке шыдамай, «баламды жұтқан соғыстан келген қағазы да құрысын» деп, хаттарын да, суреттерін де ертеп жіберіпті, – дейді Қажымұқан ата. Жалғыз сурет үлкен ұлы Жұмаштың қолында қалып, аман сақталып қалған.

Қасым «Қызыл Ту» орденінен басқа I дәрежелі Ұлы Отан соғысы және 3-дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталған. Оның әр ордені боздақтың көзсіз ерлігінің куәсі екені анық. Ал полк командирі М.В.Колесовтың жоғарыдағы қысқаша толтырған марапаттау қағазында Қасымның нағыз батыр бейнесі беріледі. Ұзақ жылдан кейін

табылған құжат қостанайлықтарды толқитты. Көңіл толқыны – ерлік жаңғырығы, туған елі, Отаны, ұрпағының болашағы үшін жауға арыстандай атылған жауынгер Қасымның бойын көрнеген алапат патриоттық сезімінің туған жер үстінен шашылған ұшқынындай көрінеді.

Олжас АҚЖОЛ

# “Жеңіс күні! О Бұл – қуаныш! Шатта



## Қонаққәде

Қабдолла қажы Ахметжанов Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданының Обаян ауылында 1967 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылығы институтының Агрономия факультетін үздік бітірген. Ауылшаруашылығы, кеңес партия ұйымдарында қызмет атқарған. 2007 жылы қажылық сапарына барып,

мұсылманның бесінші парызын атқарып қайтқан. «Ақ тілек», «Парыз», «Бәрі өткен үшін бәрі көктем үшін», «Талпыныс» кітаптарының авторы. Өлеңдері мен әңгімелері облыстық, қалалық мерзімдік басылымдар бетінде жарияланып тұрады.



### Жеңіс

Жеңіс деген немене,  
Оның жүгі ауыр ма?  
Жеңіс жеңіл келе ме,  
Найзағай ма, дауыл ма?

Түбегейлі дөп басып,  
Нарқын айту мүмкін бе.  
Тумай жатып қоштасып,  
Үзілген, сәби, күлкің бе?

Жанары ма арудың,  
Ләззатын жастық қимаған.  
Айқайы ма бауырдың,  
Жетімдер ме шулаған?

Астан – кестен жер болып,  
Мұралар ма қираған?  
Азулы жазға қор болып  
Тұтқындар ма жылаған?

Еңкейген шал, көмбірдің,  
Тері ме шып, шып тегілген.  
Жас бала, қалған жеріңдің  
Еңбегі ме есілген?

Ақ сұңқардай апшыған –  
Қаһары әке, ағаның.  
Жаныштап жерге жапсырған,  
Бастырмай жаудың қадамын.

Жанартаудай кектеніп  
Атылды түйін – қорғауға  
Намысын ердің көтеріп  
Туған ел туын қорғауға.

Өлшемге ешбір сыймаған,  
Бірліктің ұлы жемісі.  
Қан мен жаң, ар сыйлаған –  
Ұрпақтың жойқын жеңісі!

### Майдангер әке рухымен сырласу

Әкем еске түседі сағынғанда  
Келбеті ой – санаға шағылғанда  
Бар жоғы алты жасар бала едім мен

Сұм соғыс мені әкеден айырғанда

Сен едің бет түзерім, асқарым да  
Көзден ғайып болар деп ойладым ба?  
Қан майданда ерлерше көз жұмғанда  
Сен де мәңдей баттың – ау, қайғы мұңға!

Жеңіс күннің шапағы шашылғанда  
Жеңімпаздар еліне ағылғанда  
Арасында сен болмай мұңға баттым,  
Жас сорғалап жанардаң жанымнан да.

Ерте жеттік кеудені биік ұстап  
Өр мінез, қыран жүрек әкеге ұқсап.  
Сор маңдай азабы көп балалықты,  
Өткіздік айыр, тырма, күрек ұстап.

Сүйіншім бар жүрек жарды, әке, саған  
Егемен ел болдық біз, сен аңсаған.  
Жеріме бостандықтың таңы атты,  
Бодандық жер жастанды қан қақсаған.

Сен жоқсың, қаруластар – қарттарым бар  
Күміс мұрт, қырау қабақ, ақ бас шынар  
Өзіңді көрген жандар ортада жүр,  
Тілеймін, «сау жүрсін» деп қаһармандар.

Кетпеді босқа сенің қасық қаның  
Ел үшін демін бітіп, шықты жаның.  
Өзіңдей әкелерді мақтан етіп,  
Тулайды асау жүрек, жастық жалын.

Жауларын жастандырған алып мысы  
Қазақтың әр біреуің Алпамысы  
Жасай бер жадымызда хас батырлар  
Халықтың әр тұлғасы, мақтанышы!

### Мәншүк

Күн тұтылып, елге қауіп төнгенде,  
Ер жастанбай, ерлер тыным көрген бе.  
Туған жердің жалғыз сүйем телімің,  
Жау табаны таптағанға көнген бе.

Өре тұрды, тұрды қарсы сұм жауға,  
Отан Ана шақырды елді қорғауға.  
Боздақтардың асқақтатып қайратын,

Сапқа тұрды нәзік, қайсар қыздарда.

Маметова Мәншүк, сен ардақ едің,  
Сол жылдары жиырмаға толмап пе едің.  
Қырдың қызыл гүліндей жайнар тұста,  
Су кештірді тағдыры ардақты елдің.

Отан үшін нәзіктік қалды алыста,  
Тез жетілді, тез пісті арпалыста,  
Іздегенің осы деп, оқ боратты,  
Пулеметтен қан шеңгел жолбарысқа.

Баудай түсті жауыздар, омақасты,  
Есеңгіреп, ес жимай өре қашты,  
Өзеуреген, өзімшіл жеңдеттердің,  
Паң сезімі сап болды, үрей басты.

Сан мәрте отқа түсті, қақтығыста,  
Өлімменен белдесті қанды ұрыста.  
Талай рет жапырып, жауын жанышып,  
Кездер болды жолыққан итшығысқа.

Бүгін неміс шегірткедей қаптады,  
Алға жылжып, өліктерін таптады,  
Шөптей жосып, пулеметі Мәншүктің,  
Тық – тық етіп, бір тынбады, қақсады.

Жау қарасы сұлап, сиреп қалғанда,  
Мына жалған әділетсіз болған ба.  
Оғы бітіп, пулеметі қақалып,  
Үні өшті жеңіс жақын қалған-ды.

Мақтаныш боп дара туған маңдайға,  
Дес бермеген, ата жауға майданда.  
Жанартаудай жалын қызы қазақтың,  
Өр қалпында ер боп өтті арманда.

Мәншүк сен, өшкен жоқсың, ағып өттің,  
Ақ алмас жебесі боп әділеттің.  
Ерлігің адамдықтың өлшемі боп,  
Төрінде алаулайсын әр жүректің.

Біргесің, озасың сен ғасырларға,  
Дауылпаз ұл – қыз өскен халқың барда.  
Өзіңдей қайсарлықпен адымдаймыз,  
Мәңгі ел болашағы – асуларға.

Қабдолла қажы АХМЕТЖАНОВ

# Ауылдың ауызбірлігін көрсеткен турнир

Елбасымыздың «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Жолдауында «2015 жыл - ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы» деп атап өткен болатын. Осыған орай Әуликөл ауданына қарасты Қазанбасы ауылында Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына байланысты Қожабай Салықұлы Байғабыловты еске алу арналған қазақ күресінен аудандық турнир өтті.

Бұл турнирді өткізудегі мақсат: ауыл тұрғындарының ауызбіршілігін көрсетіп, жастардың спортқа құлшынысын арттыру, сондай-ақ өз жерлерінін ұмыттырмай, ел есіне салып, оқушылардың патриоттық сезімін оята отырып, ерлердің ерліктерін бағалау еді.

Қожабай Салықұлы Байғабылов Әуликөл ауданының Қарақалпақ ауылында 1945 жылы 22 қаңтарда дүниеге келген. Қарақалпақ ауылындағы мектепте сегіз жыл оқып, Әуликөл ауданы орталығындағы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепті тәмамдаған. Қожабай Салықұлы бапкерліктен бұрын 1975 жылы қарапайым жұмысшы ретінде еңбекке араласқан. Сол жылдары аудандық комсомол комитетінде хатшы болып жұмыс атқарды бастаса, Одан кейінгі жылдарды да түрлі лауазымдық

шебері; Бейбіт Нұғыманов - Азия чемпионатының күміс жүлдегері, грек-рим күресінің спорт шебері; Ерлан Сәтбаев - грек-рим күресінен спорт шеберлігіне үміткер, қазақ күресінен ұлттық дәрежедегі төреші, күресіне ҚР аға жаттықтырушысы және т.б. көптеген балуандар жақсы жетістіктерге қол жеткізді.

Жарыс ауыл орталығындағы мәдениет үйінің спорт залында өтті. Көп жылдан бері қолданыстан шығып қалған спорт кешенін жөндеуден өткізген ауыл әкімдігін, жарысты ұйымдастыруға белсенділік танытқан мектеп ұжымы және турнирге демеушілік етіп отырған Қожабай Салықұлының көптеген



қызметтер істеді. Осы кезеңдерде ауылдастарына қарапайымдылығы мен еңбекқорлығы арқасында сыйлы бола білді Қожабай Салықұлы ауыл жастарына үлкен жанашырлық 1987-1997 жылдар аралығында №1 Қазанбасы орта мектебінде грек-рим күресінен жаттықтырушы болып қызмет атқарған. Сол уақыт аралығында ауыл балаларын түгел дерлік грек-рим күресіне баулып, шынықтырып шығарған еді. Бүгінде ол кісіден тәлім алған спортшылар түрлі республикалық жарыстардың одан тыс әлем чемпионаттарының жүлдегерлері. Атап өтетін болсақ, Сапарбек Құлбеков - Кеңес Одағының спорт

шәкірттерінің игілікті ісін ерекше атап өткен жөн.

Алыс-жақын ауылдардан келген жүзден астам балуандар боз кілем үстінде күш сынасты. Турнир барысында әр түрлі салмақ дәрежесінде белдескен жастар үздік дайындықты, шапшаңдық пен ептілікті паш етті. Нәтижесінде командалық есепте жергілікті балуандар бірінші орынды иеленсе, Аманқарағай спортшылары екінші, ал Көкталдан келген жастар үшінші орыннан көрінді. Барлық жеңімпаздарға арнайы мақтау қағазы, медальдар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Аманкелді ШӨРЕНТАЕВ

# ТҚА шыдатқан. Әндырған, жылатқан..”



## «Әкемнің рухы еліне қызмет ете береді»

дейді Кеңес Одағының Батыры Сейітхан Темірбаевтың қызы Мая Темірбаева

Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен 31 қостанайлық жауынгерге Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді. Сейітхан Темірбаевтың есімі солардың ортасынан ойып орын алады. Майданда ерлік көрсеткен Сейітхан Нұрмағамбетұлы соғыстан кейінгі бейбіт күндерде де зиялы өмір сүрді. Қазір батырдың ұрпақтары Қостанай қаласында тұрып жатыр. Батырдың кенже қызы Мая Темірбаева әкесінің майдан жолдарын жақсы біледі, ол туралы құжаттар мен жазылған мақалаларды, деректі түсірілімдерді сақтап отыр. Ол «Жас өркен» журналы оқырмандарына да әкесі туралы әңгімелеп беруді жөн көрді.

– Мая Сейітханқызы, әкеңіз елімізге аты белгілі батыр болса да, алдымен сізге – әке. Жылдар өткен сайын қандай сезімде боласыз?

– Әрине, ата-ананың орны бөлек. Біздің балалық шағымыз өте жақсы өтті. Әкем байсалды кісі еді, балажан болатын. Біздің әрқайсысымызға ерекше әкелік махаббаты сезіліп тұратын. Мен кенжесі болғандықтан әке мейіріміне шомылып өстім. Қазір ойлап отырсам, әкеміз уақыттың қиындығына ешқандай мойымаған, болаттай шымыр кісі болыпты. Атамыз қызмет істеген екен, бірақ 30-шы жылдарғы аштық, қуғын-сүргін, өзінің қай бағытқа жүріп-тұратын білдіртпеген уақыттың аласапыраны атамыз бен әжемізге ауыр тиіпті. Ол екеуі де сол 30-шы жылдары қайтыс болады. 9 жасар Сейітхан мен 6 жасар қарындасы жетім қалады. Ал олар негізі отбасында он бір бала екен. Солардың барлығы да ауыр жылдары опат болған. Әкеміз бен апайымды балалар үйіне тапсырады. Жетімдіктің азарын әбден көріп өскен әкемді қиын балалық шақ өмір ширатып жібергендей көрінеді маған.

– 30-40-шы жылдары саяси қуғын-сүргін, жазықсыз адамдарға ауыр кінәлар артылып, аяусыз жазаланды. Уақыттың қарама-қайшылығы көп болды ғой. Сол аласапыран заманда жастарға октябрия, пионер, комсомол ұйымдарының тәртібі, тәрбиесі мол болғанын да айтуымыз керек.

– Расында солай. Менің әкемнің майдандас достарына соғыстан кейінгі жылдары жазған хаттарында өзінің балалар үйінде тәрбиеленіп ер жеткенін, комсомол жұмысына белсене қатысқанын, майданға бару үшін Ақмола қаласында жасақталған кавалериялық дивизияға аудандық комсомол комитетінің жолдама бергенін әңгімелейді. Олар патриот болып өсті. Олардың уақыты солай болды. Қайткенде де әкеміз жақсы тәрбиені бойына сіңіре білген, жақсы азамат болып өсуге талпынған. Балаларынан да соны талап етті.

– Әкеңіз балаларына соғыстағы күндері туралы айтатын ба еді?

– Әрине, айтатын. Бірақ біз жаспыз ғой, ол кезде барлығын зердемізге тоқып ала бермеппіз. Мен әкемнің соғыстағы ерлік істерін журналистердің ол туралы жазған мақалалары мен өзінің майдандас досының сұрауымен жазған хатындағы баяндауынан жақсы білемін. Сонымен қатар мен Ұлы Отан соғысы туралы деректі фильмдер көргенді ұнатамын. Солардың барлығынан да әкем мен оның замандастарының, майдандастарының көзсіз ерліктерге барғанын және сол кездегі адамдардың Отан-



ды жанынан артық көрген патриоттық сезіміне таңқалумен келемін. Бұл – тарих шындығы, ал ол аталарымыздан кейінгі ұрпаққа өшпес мұра. Халқымыздың тарихын аталарымыздың ерлік істері мен даналықтары байытып отырады.

– Дұрыс айтасыз. Бүгінгі жастар елдің, мемлекеттің, Отанның болашағын ойлайтын азамат болып қалыптасуы үшін тарихымызды жақсы білу керек. Енді Сейітхан атамыздың соғыстағы жолдары туралы айта кетсеңіз.

– Әкем 1941 жылдың аяғында кетті. Соғысқа Ақмоладан, қазіргі Астана ғой, 1942 жылдың сәуір айында кетеді. Оңтүстік Батыс майданға түседі. Майдандас досына жазған хатында әкем: «Соғыстың не екенін әлі комсомол кезімде 1942 жылы 1 мамырда жаумен Харьков түбіндегі ұрыста білдім. Оңтүстік – Батыс майданның қолбасшысы генерал Тимошенконың бұйрығымен біздің кавалериялық полк 6-шы армияның 49-шы кавалериялық дивизиясы құрамында шабуылға шықты. Артиллериялық жаттығулардан кейін бізді шабуылға көтерді, соның арқасында жаудың шебін бұзып, Петровск деген елді мекенді азат еттік. Бірақ ұрыс тоқтаған жоқ, он екі күнге созылған қиян-кескі ұрыстардан кейін Петровск, Изюм, Барвенков, Лозовое елді мекендері мен Лихачев станциясына дейін алдық. Лихачевта жау алдын ала дайындалған тірек бекеті салынған екен, оны кескілескен ұрыспен алдық. Әр көше, әр үй үшін жаумен алыстық.

жылдан кейін ғана қайтып оралады. Сол он жылдың ішінде Жаяу Мұса қаншама қуанышты да қайғылы оқиғаларды басынан өткереді. Он жыл өмірінің төрт-бес жылдай уақыты Қызылжардағы татар саудагері Кәрімнің үйінде өтеді. Мұсаға ол үйдегілер бауыр басып, Кәрім Мұсаны өз ұлы Сейфолладан кем көрмейді. Бұл үйде жүрген кезде Мұса Сейфолламен қатарласа орыс тілінде көптеген кітаптарды оқып үйренуге машықтанады. Қызылжардағыларды да ән әлемімен әуелетіп өнерімен баурап алады. Тек ән ғана айтып қоймай, түрлі аспаптарда домбыра, скрипка, гармонда да сырлы сазды әуендерді ойнайтын болған. Өзі қазақ-орыс тілімен бірге татар тілінде жетік білген. Сол тілдерде ән де, әзіл-қалжыңға толы өлеңдер де айтқан.

Қызылжардағы өмірі қызыққа толы күндер еді. Көп уақыт өте Мұса сол жақтағы өмірге бейімделіп кетеді. Бір күні аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханұлы өзінің ұлы Шоқан мен бірге Омбыға бара жатқан жолда, Қызылжарға татар саудагерінің

үйіне тоқтайды. Шоқан мен Мұса арасындағы таныстық сол кезден бастау алған еді. Бұл таныстық достыққа ұласады. Жаяу Мұсаның Омбыға аяқ басуына, сол жақта білім алуына Шоқан Уәлиханов көп септігін тигізеді. Сол кезде танысқанда Шоқан Жаяу Мұсаны алғашында ноғай халқының баласы деп ойлап қалады, оның орыс-татар тілдерінде сөйлеуіне таңданыс білдіріп, оның бойындағы дарындылығын байқап, өзімен бірге Омбыға алып кетеді. Қызылжардағы туғанына айналған Кәрім саудагердің отбасымен қимай қоштасады. Бұл кезде сол үйдегі енді ғана бойжетіп келе жатқан Халима есімді бойжеткен Мұсаға ғашық еді. Мұса өзінің Қызылжардағы ағайындарымен, қызықты өмірімен аса бір қимастықпен Омбыға аттанып кетеді.

Шоқан Уәлиханов бойында тұнып тұрған дарынын тани отырып, өнерлі, білімге жақын бозбала Мұсаның оқуға түсуіне көмектеседі. Мұса мен Шоқан бір-бірімен қатар, бір көргеннен сөздері жарасып кеткен, жақын дос, жақын бауырға айналады. Омбыда

Шоқан сатып алған көп қабатты үйде Шоқанның туыс інісі Солтанғазы Абылайұлымен бірге тұрады. Шоқан өзінің бірге туған бауырларына қарағанда, осы Жаяу Мұсаны ерекше жақсы көріп жақын тартады. Шоқанның жанында жүріп Жаяу Мұса көп ізденіп, көп оқудың арқасында төрт жылдық орыс оқуын бітіреді. Сол жылдар аралығындағы оқуының ақысын Шоқан өз мойнына алып, өз қаражатынан төлейді. Бастапқы кезде Шоқан Мұсаны өзі оқыған



Омбыдағы кадет корпусына оқуға түсіргісі келеді, бірақ бірқатар себептерге байланысты Мұса ол оқуға түсе алмайды. Сол себептердің бірі де бірегейі Мұсаның ақсүйек, аға сұлтан тұқымы еместігі. Омбыда жүріп Шоқаннан көп нәрселерді үйренеді. Шоқан Омбыдан кетерде Мұсаны өзімен қоса алып кеткісі келеді, бірақ Мұса өзінің туған жеріне оралуды жөн көреді. Оқуын аман-есен аяқтаған соң, он жыл бұрын өзі кетіп қалған туған өлкесіне қайтып оралады. Шоқанның жанында жүрген жылдары туралы баяндалған Жаяу Мұсаның өмірі арқылы Шоқан Шыңғысұлын жаңа қырынан тануға болады. Оның Мұсаға жасаған игі істерінің барлығы Мұсаның танымал азамат болып қалыптасуына көп әсерін тигізді.

Он жыл дегенде сағына жеткен туған өлкесі Орман ауылына оралады.

Мәлдір АМАНБАЙҚЫЗЫ,  
ҚМУ ГЭФ қазақ филологиясы  
мамандығының 2 курс студенті

(жалғасы келесі санда)

# Жаһанды жаяу кезген Жаяу Мұса

Бұл мақаланы ән қанатында әуелетіп ән салып, сөзшеңдігімен қызыл тілдің майын ағызған, от ауызды, орақ тілді жанына серік етіп, серілік өмірінде сергелдеңге түскен батыр бабамыз Жаяу Мұса Байжанұлының ғұмырнамасына арнаймын.

Мұса Байжанұлының өмір-дерегі туралы зерттеп, естелік мағлұматтар қалдырған біршама ғалым-жазушылар бар. Солардың ішінде Зейтін Ақышев есімін ерекше атағым келеді. Зейтін Ақышевтың «Жаяу Мұса» шығармасын оқысаңыз, қиямет пен қайғыға толы Жаяу Мұса өмірінен, басынан өткерген қиын-қыстау кезеңінен қайсарлықтың, қажымас қырағылықтың ұшқынын байқайсыз. Бұл шығарма көзі ашық, көкірегі ояу оқырманға терең тұңғықтың тамырына бойлай отырып, ой-сана сахарасында кең ойлануға, шығарма шарапатына бөленуге мүмкіндік береді. Жаяу Мұса өмірі тек қиындықпен қайғыға толы болса да, ән әлеміне терең бойлап, өзінің дарындылығымен шабыттана жазған әндері арқылы халық көңіліне қуаныш сыйлай білген тұлғаның өмірі. Жаяу Мұсаның дүниеге келуі де, сол кездегі әлеуметтік оқиғалармен, халық тұрмысымен тығыз байланысты.

Мұса Байжанұлы 1835 жылы Баянауыл ауданында, Ақшоқы ауданы, Жасыбай алқабында дүниеге келген. Оның дүниеге келуі мына бір оқиғалардан бастау алады: Әкесі Байжан сол аймаққа танымал сері, жастайынан домбыраның құлағында ойнайтын, өнерге жақын азамат болған. Байжан әр ауылда сауық құрып, той-томалақтарда өнерімен халықты қуанып жүрген кезінде, сол ауылдағы аққұба жүзді, талдырмаш бір сұлу қызға ғашық болып, сөз байласады. Байжан ғашық болған бойжеткеннің есімі-Нағыш, Мұсаның анасы. Бір күндері Байжан ауылдағы Боштай есімді болыстың тапсырмасымен сапарға аттанып кетеді. Ауыл болысы оның Нағыш екеуінің арасындағы ғашықтық сезімді біліп, әдейі Байжанды ауылдан аластату мақсатында сапарға аттандырады. Нағыштың сұлулығы туралы барлық ауыл сөз етеді, сөйтіп жүргенде ауыл болысы да Нағышқа ғашық болады. Байжанның жоқтығын пайдаланған болыстан Нағыш көп зорлық-зомбылық көреді. Арада уақыт өтіп Байжан сапардан оралған кезде, Нағыштың құрсағына бала біткен еді. Сөйтіп, Байжан өзінің сөз байласқан қызын алып қашып отау құрады. Озбырлық пен арының тапталғанын сүйген жігіті Байжанға айтуға да дәті бармады. Боштаймен Нағыш арасындағы оқиғаны Байжан бұл кезде білген жоқ еді. Күндерден күн, айлардан ай өте

келе, Байжан өзінің сүйіп қосылған жарын жек көре бастайды. Бұрынғы ғашықтық сезімінің ұшқынында қалмаған. Осы кезде ауыл қыстаудан жайлауға көшіп жатқан кез еді. Нағыштың құрсақ көтергеніне жеті айдан асты. Байжанның Тайжан есімді ағасымен Сәтбала есімді жеңгесі бар. Нағышқа жанашырлық білдіретін қорғаушылары осы екеуі ғана. Бір күні ел жайлауға көшіп жатқан кезде, Байжан өзінің жарын көш соңына жаяу қалдырып кетеді. Сол кезде Нағыш құрсағындағы сәбиін тоғыз ай толғатпай, жеті айға жетпей дүниеге алып келеді. Айы, күні жетпеген сәби шала туады. Бұл кезде Нағыштың жасы он сегізде еді. Сәбидің дүниеге келуі Байжанның ағасы мен он жылдан астам уақыт құрсақ көтермеген жеңгесі Сәтбалаға зор қуаныш сыйлайды. Байжан дүниеге келген сәбидің өз қаны емес екені туралы күдігінен танбайды. Сол заманда Шорманов әулетінің атағы дүркіреп тұрған кез, сәбиге Мұса Шормановтай атақтылардың қатарынан көрінер деген ырыммен, азан шақырып есімін Мұса қояды. Мінеки, Жаяу Мұсаның өмірге келуі осындай шырғаланға толы оқиғаларға байланысты басталады.

Жаяу Мұса жастайынан өнерге бейім, өлеңімен, күміс көмей, жез таңдай әншілігімен қатар сал серілігімен елге танылған. Өзінің туған өлкесі ғана емес, күллі Баянауыл халқы оны ерекше көкке көтеріп, өнерін жоғары бағалаған. Сонымен бірге Жаяу Мұса бар өмірін Жасыбай мен Ақшоқыда өткізген жан емес, оның «бармаған жері, баспаған тауы жоқ» десе артық айтқандық болмас. Өнерінің арқасында өрге жүзіп, әр түрлі қалаларға аяқ басқан. Оның өмірі бір бөлек, өнері өз алдына бір бөлек айтса ауыз жабылмас, естіген жанға елең еткізетін естеліктерге толы дүние. Сәби кезінде өмірде шала туып, анасы ерте көз жұмып кеткен соң, ағасы Тайжан мен жеңгесі Сәтбаланың тәрбиесінде болды. Олар үшін Мұсаның орны ерекше еді. Мұса олардың шаңырағына шаттық сыйлаған, он жылдан астам уақыт бойы құрсағына бала бітпеген Сәтбаланың ыстық аналық сезімін оятады. Мұсаны өз тәрбиелеріне алған Тайжан мен Сәтбала он жылдан кейін ғана сәби сүйеді. Тас емшегін жібітіп, аналық мейіріміне шуақ сыйлағаны үшін, Сәтбала жеңгесі Мұсаны ерекше еркелетіп, жақсы көрген. Бала кезінен Мұса Байжаннан әкелік мейірім көрген емес. Нағыш қайтыс болмай тұрып, Байжан өзіне Балжан есімді тоқал алады. Жастайынан өгей шешенің өктемдігін көріп өскен бала Мұса бозбала шағында арман қуып өзінің туған үйінен кетіп қалады. Өз еліне тек он

Осындай тозақта мен 1942 жылы 13 мамыр күні ауыр жараландым» деп жазады. Украинаның Харьков облысында ұрыстың өте ауыр болғаны Ұлы Отан соғысының тарихынан белгілі. Харьковты алу үшін мыңдаған адамдардың қаны төгілді. Ауыр жараланған әкем есін үш күннен кейін жияды. Сол жолы жараланған, халі ауыр жауынгерлерді Барвеновка селосынан Купянск қаласындағы госпитальге, одан Воронежтегі госпитальге алып кетеді. Неміс фашистерінің жақындап қалуы себепті оларды Усмань қаласындағы госпитальге ауыстырып, сонда жазылып шығады. Негізі менің әкем соғыстың басынан аяғына дейін 5 рет ауыр жараланады.

– Осы хатта Сейітхан атамыз Воронеж қаласына 1942 жылы шілде айында фашистер шабуылдауына байланысты, жарасы жазылмай жатып, ұрысқа кіріп кеткенін айтады. «Қаланы қорғау үшін жауға тек оның тұрғындары ғана емес, госпитальде жатқан, қолына қару алуға жарайтын жауынгерлер де қарсы тұрды» деп жазады.

– Әкем Сталинградты қорғауға қатысады. Қаладағы қоян-қолтық ұрыстың нақ ортасында менің әкем жүреді. «1942 жылы 1 қыркүйекте біздің кавалериялық полкты 62 армияның 157 атқыштар дивизиясының құрамындағы 384 атқыштар полкі деп қайта атады. Қалада кескілескен ұрыс болды. Фашист құзғындары қала аспанында үйірімен ұшып жүрді. Сталинград қаласының көшелерінде ауыр бомбалар, снарядтар, миналар, гранаттар жарылып жатты, олардың жарықшақтары түспеген жер қалмады. Үйлердің шатырлары көкке ұшып жатты, кірпіш қабырлағары дүрс-дүрс құлады, түтіннен ештеңе көрінбейтін, қаланы қара түтін басты» деп суреттейді әкем ұрыс күндерін. Қаланы жаудан алу оңайға түспеген. Жаудың екпініне 354 атқыштар полкі төтеп береді. Немістер бірнеше рет біздің әскерлердің қорғаныс шебіне сыналап кіреді. Әкем күніне жаудың он екі шабуылын тойтарған сәттері болғанын айтып еді. Қандай от пен оқтың арасында жүрді десеңші. «Сталинградты қорғағанда біздің алдымызда, артымызда күш, тыл болған жоқ. Жаумен арамызды үйлердің қабырғалары мен қабаттары ғана бөліп тұрды» деп жазады әкем.

Мұнан кейін әкем Донбастан бастап, Украинаның бірнеше қалаларын, елді мекендерін, Еуропаны азат етуге қатысады. Ауыр, шығынды ұрыстармен Одер өзенінен өткеннен кейін, Берлинге дейін жетеді.

– Сейітхан атамыз Кеңес Одағының Батыры атағын Берлинді алғанда көрсеткен ерлігі үшін алған ба?

– Әкем Берлинге кіргенде жауынгерлердің Жеңіске деген, фашизмді құртуға деген құлшынысының арта түскенін айтатын еді. Ол хатында өзімен бірге ерлікпен күрескен орыс Валентин Агафонов, кіші сержант, украин жігіті Евгений Крыштой, пулеметші, белорусь Владимир Ларионович, кіші сержант Сергей Джуржий, мерген, украин Василий Ищенко, бөлімше командирі, кіші сержант, орыс жігіті Василий Седовтың және осы ұрыста ерлікпен қаза тапқан 2-взводтың батыр командирі, кіші лейтенант, қазақ Бекнияз Әбішевтің есімдерін айрықша атайды. Әкем: «Берлинді алғандағы ерлігі мен батылдығы үшін біздің полктан 5 адамға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 1945 жылы тамыз айында Крампниц әскери қалашығында 5-ші екпінді армия саяси бөлімінің бастығы бізге Ленин ордені мен Кеңес Одағы Батырының алтын жұлдызын тақты. Ал батыр атағының берілгені туралы КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының жарлығы 1945 жылы мамыр айында шықты» деп жазады. Әкем мұнан



басқа Қызыл жұлдыз, 1 дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерімен, «Варшаваны азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» және бейбіт күннің бірнеше медальдерімен марапатталды.

– Батыр Сейітхан Темірбаев есімін Қостанайлықтар да, жалпы елімізде ұлықтап келеді.

– Иә, әкеміздің ерлік ісін кейінгі ұрпақ ұмытпайды деп ойлаймын. Жақында Жеңістің 70 жылдығында туған жері Таран ауданында Сейітхан Темірбаевқа ескерткіш орнатылды. Оның ашылу салтанатына оның немерелері барып қатысып келді. Қостанай қаласында бір көше әкеміздің есімімен аталады. Ол тұрған үйдің қабырғасында мемориалдық ескерткіш тақта ілінген. Мұның барлығына да оның перзенті ретінде рахметімді айтамын. Тек айтарым, мектептерде, оқу орындарында жастарға тек менің әкемнің ғана емес, жалпы Ұлы Отан соғысындағы өкелеріміздің ерлік істері туралы айтып отырса деймін. Олардың рухы еліне, кейінгі ұрпағына қызмет ете береді, олардың ерлігі жастарды патриоттық тәрбиелеуге ықпал етеді.


– Ойыңыз, ұсынысыңыз орынды-ақ. Әңгімеңізге рахмет.



Сұхбаттасқан Нәзира СЫРОВА

# Берлиннің бекінісін

1946 жылы мен 2-ші класта оқыған Қарақалпақ мектебіне Аймағамбетов Кенжебай ағай мұғалім болып келді. Бұл кісінің иығында екі жұлдызды поғоны, омырауында майданда алған марапаттары болатын, көбіне әскери киіммен жүретін. Ол жоғары сыныпқа дене шынықтыру, «әскери іс» сабақтарынан берді. Ол көрнекі құрал есебінде мектеп шеберханасында өзі және балалардың күшімен ағаштан кейбір соғыс құралдарының үлгілерін жасады. Көркем фильмдерде талай көрген «Максимка» деп аталып кеткен екі доңғалаққа орнатылған пулеметтің, винтовкалар мен гранаталардың көшірмелерін қызыға қарайтынбыз. Мектептің ұзын дәлізінде ағаштан жасалған «үлкен», «кіші»



Суретте: әкем мен /ортада/ майдангер жолдастарымен

ат деп аталатын спорттық снарядтар, турник, төбеге бекітіліп, еденге дейін салбырап тұрған арқанды көруге болатын еді. Осының бәрі ағайдың еңбегі болатын. Соғыс кезінде біздер әскери фильмдерге, қару-жарақтарға құштар болып, өскенде әскери адам болсақ деп армандаған едік. Бүгіндері қарап отырсақ, бұның бәрі біздердің бала кезімізден денемізді шынықтырып, Отанын, Елін қорғауға дайындаудың бір жолы екен ғой. Тиісті нормативтерін орындап «Готов к труду и обороне»/ГТО/ деген костюм жағасының қайырмасына тағып жүретін белгіге де ие болғанымыз бар. Осы кезде де осы жақсы дәстүрді жалғастырса, атыс-шабыс, мағынасыз электронды ойындармен жастарымыз уақытын құрбосқа өткізбеген болар ма еді. Шындығына келсек,

бүгінгі жастарымыздың денсаулығы жоғары өрлеп келе жатыр деп айтуға болмайды, оған әскери комиссариаттардың медициналық комиссиясына барып көз жеткізуге болады. Бұл жерде Кенжебай ағай сияқты энтузиастардың қатары сиреп бара ма деген ой келеді.

1919 жылы туған Кенжебай ағай 1940 жылы әскер қатарына шақырылады. Орта мектепті бітірді деген аттестатқа қарап отырған әскери комиссар ағайдың сабақ үлгісіне риза болып, оны зеңбірекшілер училищесіне оқуға жібереді. Оның әскери оқуды бітуімен Ұлы Отан соғысының басталуы дәл келеді. Жас лейтенант майданға аттанады. Соғыстың бірінші күнінен бастап ағай

Украина майданы 289-атқыштар дивизиясы 1013 атқыштар полкінің зеңбірекшілер тобының командирі болып тағайындалады. Зеңбірегің сүйреткен Кенжебай өз жерімізді және Европа елдерін неміс басқыншыларынан босатуға атсалысады. Жеңісті басқа да совет жауынгерлерімен 1945 жылы Берлин қаласында қарсы алады.

50-ші жылдары Кенжебай ағай Қостанай қаласындағы Әлсейітов Сапа деген ағайдікіне жиі келіп тұрды. Есімде қалғаны, ағай орта бойлы, шы-

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев барды, 2013 жылы Индонезияның сол кездегі Президенті Сусило Бамбанг Юдойоно Астанаға келген болатын. Осыдан екі жыл бұрын Қазақстанда Индонезияның елшілігі ашылды. Қазір екі елдің арасындағы сауда айналымы 36 462 000 АҚШ доллары көлеміне жетті.

**– Индонезия Қазақстаннан қандай тауар алғанды дұрыс көреді?**

– Қазақстан – әлемдегі астық державаларының бірі. Біздің елде астыққа, ұнға сұраным үлкен. Қазақстанның ұны мен астығы жоғары бағаланады. Мақта да сұратамыз. Өйткені бізде текстиль жоғары дамыған. Жалпы Индонезия табиғи газдан, кен өнімдерінен бастап, электр құралдарына, зергерлік бұйымдарға, киім-кешекке дейін экспорттайды. Ал Индонезиядан Қазақстанға пальма майы, жаңғақ, каучук, өндіріс үшін шикізаттар, дәрі-дәрмек, автомобиль шинасын артамыз. Сонымен қатар маңызды даму жобасы болса, инвестиция құюға даярмыз. Сондай-ақ туризм, білім және әскери техникалық ынтымақтастық салаларындағы өзара қарым-қатынастарды дамытуды жоспарлаудамыз.

**– Елші мырза, туризм демекші, Индонезия туралы біздің оқырманға жалпылап болса да айтып бергеніңіз қызықты болар еді.**

– Индонезия – Оңтүстік-шығыс Азиядағы 17 508 аралдан тұратын үлкен ел. 253 миллион халқы бар. Халқының көптігі жөнінен әлемде төртінші орында тұрмыз. Елде 300-дей этникалық топтар бар. Солардың 86,1 пайызы мұсылмандар. Халқымыздың тілі де, діні де, дәстүр-салты да алуан түрлі.

Туризм біздің ел үшін де, туристер үшін маңызды дер едім. Себебі Индонезияның табиғаты, мәдени-тарихи мұрасы да туристерді шақырып тұрады. Индонезия вулкандар мекені, оның 76-сы белсенді жанады. Жануарлар, өсімдіктер әлемі де өте бай. Сүт қоректілердің 500-ден аса, құстардың 1500-ден аса, өсімдіктің 35 мыңнан аса түрі бар. Қалалар, тарихи орындар өз алдына.

**– Индонезияда жануарларды, өсімдіктерді қорғау, жалпы экология мәселесі қалай?**

– Әрине, ондай мәселе әлемнің қай түкпірінде де өзекті ғой. Мысалы, бізде кейбір аралдарға туристер, жалпы адамдардың баруына рұқсат етілмейді. Өйткені онда құрып кетудің алдындағы жануарлар, өсімдіктер бар. Комодо айдаһары мекендейтін Комодо аралына тек ғана тиісті рұқсатпен ғана баруға болады. Әлемдегі ең үлкен келес Комодо және бірнеше аралды мекендейді. Оны қазір қорғамаса техникалық жедел даму қарқыны тіршіліктен ығыстырары сөзсіз.

**– А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне келіп, студенттерді Индонезия халқының дәстүрімен, өнерімен таныстыруды ұйымдастырғаныңызға рахмет айтамыз. Қазақта «Көп естігеннен бір көрген артық» деген мақал бар. Қостанай облысы, университет туралы ақпараттарға да қанықтыңыз, көрдіңіз. Сіздің аудармашыңыз Элвира – біздің университеттің түлегі екенін мақтан тұтамыз.**

– Иә, Элвира біздегі білікті қызметкер, білімді



аудармашы. Қазақстанның өзге облыстарында болғанымызда Элвира өзінің туған жері Қостанай облысына қашан жолымыз түсетінін сұрайтын. Ол Индонезияға барып, тіл үйренді, білімін жетілдірді. Осындай маманның сіздердің университет мақтанышы екені рас.

Бұл сапар бізге табысты болды. Сіздерге де рахмет. Индонезия мен қазақ тілінде «рахмет», «жауап», тағы басқа көптеген сөздер ортақ екен. Мұсылман болғандықтан, араб тілінен енген сөздер ғой. Бұл жағынан алғанда туыспыз деп айтуға болады, ұқсастығымыз да бар екен. Біздің халық та дәстүрді аса бағалайды, үлкенді сыйлау, өзгеге құрмет қанымызға сіңген. Мұндай тамаша қасиетті елшілік қызметке кіріскелі қазақтардан да байқап жүрмін. Енді достығымыз да арта берсін.

**– Рахмет. «Елдестіркем – елшіден» деген ғой. Қонақжай қостанайлықтар қашан да қарсы алады. Айханым АМАНГЕЛДІ**

## «Өзге құрлықтан болсақ та, қазақтармен ұқсастығымыз бар»

дейді Индонезияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Фостер Гултом



Мамыр айында Қостанайға Индонезия республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Фостер Гултом мырза келді. Ол осы сапарында алдымен А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде болып, студенттермен кездесті. Осы сапарында журнал тілшісі елшімен сұқбаттасқан еді.

**– Фостер Гултом мырза, Қостанай өңіріне қош келіпсіз! Сапардың мақсатын біле отырсақ.**

– Рахмет. Менің бұл Қостанайға бірінші сапарым емес. 2013 жылы да осы ғажап өңірде болып кеткенім бар. Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы бойынша елшілерге тур ұйымдастырған болатын. Әрине, ол сапарда сіздердің университеттің басшыларымен кездесудің, сөйлесудің сәті түспеген еді. Міне, содан бері мен Қостанайға іскерлік сапармен келуді мақсат тұтқан болатынмын. Оның ішінде университет басшыларымен, студенттерімен және облыстағы бизнес өкілдерімен кездесуді жоспарлағанбыз. Жалпы Қазақстанда бірнеше облыспен байланыс орнаттық. Оның ішінде төрт университетпен академиялық бай-

ланыс орнатып, жұмыс істеп отырмыз. Енді Қостанай университетімен де ынтымақтастық орнатпақ ойымыз бар, ол үшін қостанайлықтар Индонезиядан сәйкесті бір университетін қалайтын болады. Ол, әрине, мамандар дайындауда екі жаққа да тиімді болуы шарт.

**– Индонезияда білім беру саласының қандай жетістіктері бар?**

– Бұл сұрағыңызға қысқаша жауап бергім келеді. Индонезияда 4 университет әлемдегі ең озық, алдыңғы қатарлы 100 университеттің қатарынан орын алады. Осының өзі-ақ біздегі білім беру саласының деңгейін білдірсе керек Қазақстандықтар үшін. Индонезияда білім алуға стипендиялық үш бағдарлама бар. Оның біріншісі Индонезия Сыртқы істер министрлігі мәдениет пен өнер аясында ұсынып отырған үш айлық бағдарлама. Екіншісі Дармасисва деп аталатын бағдарламаны еліміздің Білім және мәдениет министрлігі ұсынады. Ол бағдарлама бойынша еліміздің 46 университетінде 6 айдан бір жылға дейін оқиды, индонезия тілін үйренеді, мәдениеті мен өнерін таниды, бірақ ешқандай дәреже берілмейді. Үшінші стипендиялық бағдарлама бойынша ынтымақтастық байланыстағы кез келген дамушы елден магистратура дәрежесіне кез келген пән, мамандық бойынша Индонезияның 13 университетінде білім алуға болады. Бұл бағдарламалар бойынша жыл басынан бастап құжат тапсыруға болады.

**– Қазір Индонезияда Қазақстаннан қанша студент білім алуда?**

– Қазақстаннан төрт студент мәдениет пен өнер аясындағы бірінші бағдарлама бойынша оқып, үш студент индонезия тілін үйреніп жүр. Магистратураға оқуға біздің елге бару үшін қазір конкурсқа құжаттар қабылдануда.

**– Фостер Гултом мырза, Қазақстан тәуелсіздігін алғанына жиырма бес жылға жуық ғана уақыт болды. Міне, еркіндіктің, бостандықтың арқасында басқа құрылыстағы мемлекетпен алыс-берісіміз, барыс-келісіміз көбейіп отыр. Мұның өзі елді дамытатын саясат екені белгілі. Индонезия мен Қазақстан арасындағы сауда айналымы қандай?**

– Рас, бостандық, тәуелсіздік деген ұлы ұғымдар. Бұл жағынан екі елді тағдырлас десек болар. Голландияның отары болған Индонезия Ұлы Отан соғысы біткен соң, 1945 жылы тәуелсіздігін алған болатын. Кейінгі жылдары Оңтүстік Азиядағы барысша алға секіріп дамыған елдің бірі екенімізді айтқанда, сол елдің азаматы ретінде жүрегімді мақтаныш кернейді. 2013 жылы Индонезияның ішкі жалпы өнімі 868 миллиард долларды құрады. Дүниежүзіндегі дамыған он алты елдің қатарындамыз.

Индонезия мен Қазақстан арасында қарым-қатынас дамып келеді. 2012 жылы Индонезияға

## БҰЗҒАН КЕНЖЕБАЙ

меір денелі, командирлік ашық дауысты, үлкен-кіші демей адамға жақын кісі болатын. Сапа ағайымыз екеуі әңгімелескенде, Кенжебай ағай соғыста бастан кешкен қиыншылықтарын айтып отыратын. Ол кезде теледидар жоқ, ағайдың әңгімелері біздерге бір әскери фильм көріп отырғандай әсер қалдыратын. Көп жылдар өтсе де, ағай айтқан әңгімелер үзгі есімде қалыпты.

«1945 жылы жауды дамылдамай ығыстырумен аяғымыз көптен күткен Рейхтың жеріне де тиді. Бұл елде үлкенді-кішілі өзен-көлдер көп екен. Жаяу әскерге қарағанда, біз зеңбірекшілерге өзеннен құралымызды алып өту қиынға соқты. Әсіресе бірнеше қатар құрылыстармен бекітілген шекарадағы жалпақ енді Одер өзені біздің әскерлерге үлкен тосқауыл болды. Немістер шабуылдап келе жатқан Қызыл Әскерді тоқтатпақшы болып, өзеннің батыс жағалауын мықты бекініске айналдырыпты. Бірнеше қатар траншеялар, әрбір метр сайын жасалған дзоттар, басқа да әскери техникалар осы жерде шоғырланыпты. Соларды жойып, Берлинге жол ашу біздерге жүктелді» деп бастаған әңгімесін ағай. Тыңдай бергің келеді.

«Асығыс бөренелерден жасалған салға зеңбірегімізді орнатып, түнгі қараңғылықты пайдаланып өзеннің қарсы бетіне беттедік. Өзен ортасына келгенде жау біздерді сезіп қалып, сау қалған қаруларымыз біздерге оқ жаудырды, көп жолдастарымыз, техника су астына кетті. Өзеннен өтісімен кішкентай плацдармға зеңбірегімізді тез орнатып, жауды туралап атуға кірістік. Кескілескен ұрыста жаудың бірінші бекінісін бұзып, кідіріссіз екінші траншеясына ұмтылды. Көптеген шығынмен жаудың бұл бекінісін бұздық, ендігі нысанамыз Берлин болатын, оған небәрі 80 шақырымдай ғана жер қалған».

«Бір көзге түскені, дейді Кенжебай ағай, біздің жеріміз, қала, деревняларымыз адам танығысыз бүлінген, қираған болса, Германияда басқаша. Түп-түзу екі жағына жеміс ағаштары егілген жолдары, мәрмәр іргетасты үйлері, ешнәрсе бұзылмаған, тек қана Қызыл Әскерді тағы, адам етін жейтіндер, варварлар деп дауырыққан фашистердің насихатының салдары болар, деревня тұрғындары үйлерін тастап батыс жаққа қарай босып кетіпті. Есіктері ашық, үйлеріне кірсең, біздер көрмеген электр құрылғылар-тоңазытқыш, кір жуғыш машиналар, тіпті қазіргі кездегі шағын толқынды электр пештердің барлығын солардан көрдік. Ал ас үйлерінде қымбат фарфор ыдыс-аяқтар, бағалы жиһаздар. Бірінші кезде отбасы

неміс басқыншыларынан жапа шеккен, қаза тапқан біздің солдаттар ызаланғаннан көзге көрінген осындай заттарын сындырып, төсек-орындарын піскілеп, бүлдірген кездері де болды. Тек Бас қолбасшының, «біздің жауымыз неміс халқы емес, тек фашизм, қатардағы тұрғындар жәбірленбесін» деген қатаң бұйырығынан кейін ғана мұндай жағдайлар тыйылды» дейтін ағай.

«Сөл тыныққаннан кейін Қызыл Әскер көптен күткен Берлин операциясына да кірісті. Бұл бекіністі бұзу біздің әскерге оңайға соқпады. Фашистер жаны шығар алдындағы жыртқыш аңдай арпалысып бақты. Батыстағы ағылшын-американдық одақтастарға қарсы қойған әскерлері мен техникасын кеңес әскеріне, Берлинді қорғауға салды. Бұл жерде «артиллерия бог войны» деп аталып кеткен зеңбірекшілер үлкен ерлік көрсетіп, біздің жаяу әскерімізбен танкілерімізге жол ашты. Зеңбірекшілер «Берлинге» деген жазулар жазылған снарядтарын фашистердің астанасына күндіз-түні бұршақтай жаудырды. Бас Қолбасшының: «Жыртқыш аңды өзінің апанында құртыңдар!» деген девизи жауынгерлерге ерекше бір күш беріп, жігерлендіре түсті». Қарамағындағы жауынгер оққа ұшқанда да, Кенжебай ағай анандай жердегі қоймадан 25 килолық снарядты өзі тасып тұрыпты, бірақ атысты кідіріссіз тоқтатпапты.

«Жеңіс мейрамын сол Берлиннің орталық алаңында қарсы алдық. Үйлердің бәрі дерлік бұзылған, атақты Рейхстагтің өзін тану қиын. Жауынгерлердің қуанышын айтып жеткізу қиын, аспанға оқ атып, бас киімдерін жоғары лақтырып жатқандар қаншама. Жұрттың аман-сау, осы күнге жеткен қуаныштарында шек болмады» деп еді Кенжебай ағай.

Ағаның әскер қатарында жүріп жолдастарымен түскен мына суреті оның ұлы Сағымбайда сақталған екен. Балалары әкесінің орден мен медальдерін де теберіктей сақтап отыр екен. Ағамыз? дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен, соғыстан кейінгі бейбіт уақытта «КСРО Қарулы күштеріне 70 жыл», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталды. «Қазақ ССР ағарту ісінің үздігі» деген төсбелгі алғаны туралы куәлігі мен белгісі, көптеген алғыс хаттар бар. Ағай 1997 жылдың тамыз айында дүниеден өтті. Қырқуыс елді мекенде жерленді.

Ғалихан МӘУЛЕТОВ

# Елі үшін күрескен Есенғұл ата


Соғыс... Атының өзі жан түршігерлік бір сұмдықтың салқынын сездіретіндей жүректі қариды. Аталарымыз майданда қан кешіп, Отан үшін отқа түсіп, оққа ұшты. Тарихшылардың айтуынша тарих өткен ғасырдағы Ұлы Отан соғысында алапат соғысты білген жоқ. Онда қырылған халықтың саны 50 миллион деп жазылып жүр. Мүмкін онан да көп болуы мүмкін. Бірақ бейбіт адамдардың жазықсыз оққа байлануы санымен есептеле ме? Соғыста оққа ұшқан әр жауынгер, бейбіт селолардағы әр ана, әр бала бір-бір тағдыр болатын. Олардың көбінсіз бауырластар зиратына беті жасырылды.

Олардың ерлігімен Жеңіс желбіреді. Соғыста жаумен арпалысқан олардың бойында елге, Отанға деген сүйіспеншілік, рух жоғары еді, сондықтан олардың мақсаты айқын болды. Ол мақсат жеңіске деген ұмтылыс, жеңіске деген құштарлық. Соғыс жылдары бейбіт тұрғындардың басына төнген сұрапыл соғыстың сұр бұлты, майдандағы жауынгерлердің көзсіз ерлігінің арқасында Жеңістің жадыраған шуақты күніне ұласты. «Жеңіс» сөзі әр жауынгердің жадында жаңғырып тұрды. Олардың бойында Отанға деген патриоттық сезім күшті еді. Фашизмнің қанды шеңгелінен тек ғана Кеңес Одағын ғана емес, бүкіл Еуропаны, дүние жүзін азат етті.

«Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген екен даңқты қолбасшы, батыр атамыз Бауыржан Момышұлы. Бұл мақалада сұрапыл соғыста майданға аттанып, қан майданда күрескен Ұлы отан соғысының ардагері Есенғұл Тәжімшұлы атамның ерлік ісі туралы айтқым келеді.

Атам 1917 жылы 8 наурызда Ырғыз өңірі маңындағы (25-ші ауылында) Жантай деген жерде туған. «Кеңес үкіметінің төл құрдасымын» деп отырады екен. Әкесі Тәжімш мал баққан, анасы Мәрия сауыншы болған. Өзі 14 жасынан бастап еңбекке араласады. 1941 жылы Қостанай облысы Жітіқара ауданындағы Милютен сохозынан әскер қатарына аттанған. Ленинград майданында жаяу әскер қатарында болған.

1942 жылы наурызда Ленинград маңында бірінші рет жараланып, Свердлов облысының Асбест деген қаласында алты госпитальде жатқан.



1943 жылы желтоқсан айында қайтадан майданға аттанған, Ростов облысының Новочеркасск қаласында теміржолшылар әскерінің қатарында болған. Мамыр айында кескілескен ұрыстың бірінде тағы жараланып, Баку қаласындағы госпитальде емделеді. Алты ай демалысқа елге қайтарылады. 1944 жылы Ырғыз аудандық әскери комиссариаты майданға жарамсыз деп табады. Осы жылдардан кейін елдегі қоғамдық еңбекке араласады. Ауылдық кеңеске бірнеше рет депутат болып сайланады. Еңбек жолын ерте кезден бастаған.

Атамның соғысқа дейін аштық жылдары еткен еңбегі де бір төбе. Елдегі жоқшылыққа қарсы тұрып, жоқтан бар жасап, тапқан таянғанын елмен, жұртпен бөліскен. Сол жылдары мал қырылып, бар шаруа құрдымға кетіп жатқанда, мемлекеттің қаншама отар малын аман сақтап қалған. Қойға шапқан қасқырлармен айқасқа түскен кездері де болған. Аштық жылдарында Аманқарағайдан Ырғыз ауданына дейін ауыл тұрғындарының қамын ойлап өгіз арбамен ағаш тасыған. Бұл жол сапары бір айға созылады.

# зеге аспайды

көзқарасты қалыптастыру тұжырымдамасын» 2014 жылы қабылдады.

– **Индустриалық-инновациялық бағдарлама бойынша қаржыландырылған 10 университеттің қатарынан орын алған білім ордасындағы атқарылар жұмыстарға нақтырақ тоқталсаңыз.**

– Индустриалық-инновациялық бағдарлама бойынша қаржыландырылған 10 университеттің қатарына енгеніміз біздің жетістіктеріміздің белгісі болумен қатар, зор жауапкершілік екенін түсінеміз. Жүктелген міндет зор, уақыт тығыз. Сондықтан оған ыждағаттылықпен дайындық жұмыстарын жүргізіп отырмыз. Индустриалық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрларды дайындау жоспарын құру және оны іске асыру үшін университетте бағдарламалық офис өз жұмысын бастады. ИИДМБ шеңберінде 2015-2019 жылдарға арналған университеттің даму жоспары жасалып, оны Білім және ғылым министрлігімен құптады. Шетелдік серіктестер, яғни ЖОО мен кәсіпорындар анықталып, олармен келісім-шарттар, нарық талабына сәйкес, бағдарламаларды ұтқырлықпен өзгертетін модульді білім бағдарламасының макеті жасалды. Сонымен қатар Еуропаның озық университеттері мен инновациялық кәсіпорындарының қатысуымен 6 тәжірибеге бағытталған оқу бағдарламалары жасалады.

Екі ғылыми-кәсіптік орталықтың – машина жасау және азық-түлік тағамдарын дайындау жобасы әзірленді. Маркетингтік зерттеулер негізінде орталықтарға қажет құрал-жабдықтар анықталып, оның тізімі қазақстандық және шетелдік сарапшылардың сынағынан өтті. Магистранттарды тиімді сұрыптаудың «ерте жалдау» атты бағдарламасы дайындалды. Бағдарлама біріншіден, ерте кезеңде жұмысқа орналастыруды, екіншіден, кәсіпорынның болашақ қызметкерін таңдаудағы және оның сапалы дайындалуына қызығушылығын, үшіншіден, нақты кәсіпорында тәжірибеге бағытталған оқу өтуіне, төртіншіден, кәсіпорын жұмысын жетілдіруге арналған ұсыныстар енгізілген магистрлік диссертацияның тәжірибелік бағытын қамтамасыз етеді.

Бірінші қыркүйектен бастап профилді магистратурада сабақтар басталады, ол үшін 100 грант бөлініп отыр. Шет елде біліктілігін көтеретін оқытушылар таңдалды, олардың құжаттары дайындалып, оқу маусым айына жоспарланып отыр. Магистранттарға дәріс оқитын шетелдік профессорлармен өткізілген келіссөздер жасалып, оларға шақыртулар жіберілді.

– **Елбасы тапсырмаларына сәйкес уақыт ағымына ілесу үшін біздің білім ордамыз жақын жылдары тағы қандай белестерді алуы тиіс?**

– Білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша көптілді мамандар дайындау үшін ашылған бөлімдердің тізімін бакалавриат пен магистратурада ұлғайту қажет. Өткен жылы «Көлік, көліктік техника және технологиялар», «Экология» және «Геоэкология және табиғатты пайдалануды басқару» мамандықтарында студенттер мен магистранттар қабылданған болатын,



осы шараларды әрі қарай дамыту қажет.

Қостанай мемлекеттік университетінің еуропалық және қазақстандық университеттер консорциумымен тығыз байланыста және оқушылардың өмірге және осы замандағы интеграциялық үрдістер талабына сәйкес болуына себебін тигізеді. Қазіргі ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдау көрсетіп отырғандай, инновациялық өлеуеттің дамуын қолдау, өнеркәсіпке енгізу үрдістерін үйлестіру арқылы нақты сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыру керек. Тәжірибеге бағытталған сабақтар саны әлі де ұлғайтылады.

**Сұхбаттасқан Ботакөз ІЛИЯСОВА,  
ҚМУ ГЭФ журналистика мамандығының  
2 курс студенті**



# Білімсіз бағдарлама жү

Әр елдің өсіп-өркендеуі, тарихи сындардан сүрінбей өтуі халқының бірлігі мен көреген көшбасшысына байланысты. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның дамуын қамтамасыз ететін, тұрақтылығымыздың діңгегі саналатын бес қағидатты жариялап, сырттан төнетін қауіп-қатерлердің алдын алу шараларын күшейтуді міндеттеді. Осындай мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру жолында нақты жұмыстар жүргізуді біздің оқу ордамыз да қолға алды. Бұл жөнінде университет ректоры Асқар Нәметов журнал тілшісіне айтып берген еді.

– Асқар Мырзахметұлы, Президент алға 5 реформаторлық міндет қойды. Мұның өзектілігі қандай?

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұлықтау салтанатында сөйлеген сөзінде: «Тағдыры тұтас, тілегі ұқсас Қазақстан халқы осы кезеңде ғасырлық мәні бар ғаламат табыстарға жетті», деп тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы еліміздің қол жеткен жетістіктерін айшықтап атап көрсетті. Мемлекет басшысы аз ғана уақыт аралығында Алаш жұртының әлеуеті асқан, дәулеті тасқан, іргесі берік, беделі зор айдынды елге айналғандығын айта келіп, бойында күш-қуаты, өмірден тәлім етіп алған мол тәжірибесі барда әрқашанда тілегі бір елдің тірегі болып қызмет ете беруге дайын екендігін жеткізді.

Президент сондай-ақ, ұлықтау рәсіміндегі сөзінде ауқымды 5 ішкі міндеттерді – тұрақтылықтың тірегі ретіндегі орта тап үлесін ұлғайтудың, біріңғай нарықта және барлық өңірлерді тепе-тең дамытудың, жаңа жұмыс орындарын құрудың, тарихтың жаңа орамында ұлт бірлігін нығайтудың, сыбайлас жемқорлықпен күрестің маңызды басымдыққа ие екенін белгілеп берді. Осылайша, мемлекеттік органдар мен қоғамның алдына шынымен де кең ауқымды міндеттер қойылып отыр. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, сыртқы сын-қатерлерді еңсеру үшін бізге ішкі экономикалық-әлеуметтік әлеуетімізді нығайту қажет. Топтасқан қоғам кез келген сын-қатерге қарсы тұруға қабілетті.

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұрлы жол – болшақақа бастар жол» атты Жолдауында әлемді бір тарының қауызына салып отырған дағдарысқа, сын-қатерлерге қарсы «Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясатын жариялады. Ондағы тапсырмаларды жүзеге асыруға білім ордаларының үлесі қандай болмақ?

– Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен Қазақстанда қазірдің өзінде көкейкесті міндеттерді тез және тиімді шешудің табысты тәжірибесі бар. Біз «Қазақстан-2030» Стратегиясын мерзімінен бұрын жүзеге асырдық, индустрияландырудың бірінші бесжылдығы ырғақты түрде аяқталды, индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының екінші бесжылдығы шеңберіндегі жұмыстар жоғары қарқынмен жүруде. Осы факторлардың барлығын ескере келгенде, халықтық реформаларды жүзеге асыру тиімді, сапалы және

белгіленген мерзімдерде іске асады деп сеніммен айтуға болады.

Еліміздегі білім ордалары секілді А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті де білікті мамандар дайындау арқылы еліміздің дамуына үлес қосады. Мысалы, шағын және орта бизнесті дамыту үшін біліктілігі жоғары мамандар керек. Оларды білім ошақтары ғана дайындайды ғой. Сондықтан білім саласымен бірге ғылымды дамытуды да ұмытпау қажет. Өйткені ғылым болмаған жерде инновациялық жобалар дамымайды. Елбасы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында Индустрияландыру бағдарламалары шеңберінде базаларында ғылымның экономика салаларымен және мамандар дайындаумен байланысы қамтамасыз етілетін 10



ЖОО анықталғанын айтты. Сол он университеттің қатарында біздің Қостанай мемлекеттік университеті де бар. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін осы білім ордаларының материалдық-техникалық базасын қалыптастыруға 2017 жылға дейін 10 миллиард теңге бағытталды. Маман дайындау жұмыстарының жоспарын жасадық. Нұрсұлтан Назарбаев сыбайлас жемқорлықпен күреске назар аударды. Біздің университет республикада алғашқы болып «Жоғары оқу жүйесінде жемқорлыққа қарсы

Жолында көп қиындыққа кезігеді. Жанындағы жеті қазынаның бірі тазымен бірге көкбөрілер мекеніне тап болады, қорғану мақсатында от жағып азулылар азабынан да аман қалады. Жолында кезіккен қасқырларды атпен соғып алады екен. 18 қасқыр алған екен, ең соңғы азулыны 73 жасында соғыпты.

Сол жылдары ауыл азаматтары жан амандығымен бірге мал амандығында қатар ойлап, шаруашылықтағы ірі қара малды шығындамай, аман сақтау мақсатында көп еңбектенген. Сондай зиялы қауым арасынан ерен еңбегімен көзге түскен менің атам Есенғұл Тәжімішов еді. Қоғамдық еңбегі бағаланып бірнеше рет мерекелік медальдармен марапатталды. Екінші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Лениннің туғанына 100 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Екі рет 1973 және 1975 жылдары «Социалистік жарыстың жеңімпазы» деген құрметті атаққа ие болған. Әжем Раушан екеуінен сегіз бала өрбіген, ұрпақтары қазірде Ақтөбе қаласы, Хромтау ауданы, Ақжар ауылында тұрып жатыр. Өзі 2002 жылы 21 қаңтарда 85 жасында Ақжар ауылында өмірден озды. Халқына қызмет қылып, адамгершілікті жанына серік еткен ардагер атамның өшпес ерлігімен, қажымас еңбегін мақтан тұтамын.

**Мөлдір АМАНБАЙҚЫЗЫ,**  
**ҚМУ ГЭФ қазақ филологиясы мамандығының 2 курс студенті**

## Жеңіске – құрмет, ерлікке – тағзым!



Қостанай облыстық көркемсурет галереясы бүгінде руханияттың бір ошағына айналған. Түрлі тақырыптағы көрмелер көз қуанытып, көңілді байытады, ой салады. Сондай жұмыстардың бірін галерея Жеңістің 70 жылдық мерекесіне арнады. «Жеңіске-құрмет, ерлікке-тағзым!» атты көрмеге қостанайлық жиырмадан астам авторлардың графикалық, көркемсурет және мүсіндік жұмыстары ұсынылды. Кеудесін оққа тосқан батырлар және олардың ерліктері, майдан мен тыл өмірі, балалық шақтағы сұрапыл соғыстың естеліктері түрлі ұрпақ суретшілерінің шығармаларынан көрініс алды.

Өткен ғасырдың 40-шы жылдары Қазақстанда соғыс өрті шарпымаған отбасы жоқ деуге боларлық еді. Николай Торшинның «Әкеге хат», «Соғыс ардагері Василий», Олег Кусковтың «Хабарсыз кеткен», « Бір тағдыр», Александр Захарченковтың «Соғыстың дала гүлдері» секілді шығармалары от пен оқтың арасынан келген әкелердің, ағалардың соғыстың өрті, қан сасыған майдан даласы жөніндегі күйініш естеліктерін бояу тілінде сөйлеткен. Ұлы Отан соғысының аяқталғанына, Ұлы Жеңістің келгеніне 70 жыл өтсе де, осы уақытта ұрпақ алмасса да көрермен әр суреттің жанынан бей-жай өте алмайды. Бояулар үйлесімінен Отан үшін отқа күйген, оққа ұшқан батырлардың жауға атой салған рухы, елді сағынған сағыныш-мұңы сезілгендей болады.

Көрме экспозициясында суретші Юрий Новоселовтың Кеңес Одағының Батырлары Әлия Молдағұлова мен Сұлтан Баймағамбетовке арналған плакаттары ұсынылды. Сонымен қатар суретшілердің бастамасы және Облыстық ардагерлер кеңесінің қолдауымен Ұлы Отан соғысы қатысқан қостанайлық ардагерлердің портреттері де ілінді. Авторлар бұл жұмыстарды көрменің соңында ардагерлерге табыстады.

Көрмеге бұрыннан таныс қылқалам шеберлерімен қатар жас суретшілердің жұмыстары да қойылды. Олардың арасында М.Ордашеваның «Жауынгерлер асқа отырғанда», Я.Яркованың «Қаһарман қала – Севастополь» секілді жұмыстар бар. Көрмеден В.Позднышев, Н.Соловьев, О.Яблочкин, Г.Шапавалов, Н.Савченко, И.Мармаиди, О.Чудра секілді фотографтардың соғыс тақырыбына арналған суреттері де орын алды.

**Жұпар ТЕМІРЖАНҚЫЗЫ,**  
**ҚМУ ГЭФ журналистика факультетінің 2-курс студенті**



# А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

## А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ-да оқуды таңдаудың басты себептері:

Қостанай мемлекеттік университеті – Солтүстік Қазақстандағы негізгі білім беру мекемесі, аумақтағы ғылыми және мәдени орталық. Бұл мемлекеттік мәртебедегі жоғарғы оқу орынының көпжылдық дәстүріне қаныққан биік дәрежедегі сапалы білім алудың кепілі.

**Еңбек нарығында сұранысы кең мамандықтар қатары** – университет 34 бакалавриат мамандығы, 21 магистратура мамандығы және 4 PhD докторантура мамандығы бойынша кадрларды дайындайды.

**Қазіргі заманауи білім беру технологиялары** – студенттерге болашақ жұмыс орнына байланысты өзінің оқу бағдарламасын өзгерту, ең үздік оқытушыларды таңдаудың, қазіргі заманауи жабдықтарды қолданудың, өндірістік ортада оқудың, бизнес-жобаларды әзірлеуді үйренудің мүмкіндіктерін береді.

**Практикаға бағытталған оқыту** – әлеуетті жұмыс

**Бай материалдық-техникалық база.**

**Дәрісханалар. «Білім орталығы» білім-ақпараттық кешені. Спорт кешендері. Тракторлар мен автокөліктерді оқыту цехы. Медиа-студия. Ветеринарлық клиника.**

**Студенттерді әлеуметтік қолдау – ЖОО гранттары:** ректордың «Үміт», «Мәдениет», «Тілдамыту» және академик Кенжеғали Сағадиев атындағы білім гранттары студенттерге **100%**, университеттің күндізгі бөлімінде оқитын жетістіктері жоғары (GPA 4.0) студенттерге конкурстық негізде оқу ақысынан бір семестрге **100%** жеңілдік, ата-анасы (балалар үйлері мен мектеп-интернаттар) жоқ университет студенттері үшін оқу ақысы **50%** және университет жатақханасында тегін тұру, ұлттық және халықаралық деңгейде ғылым, мәдениет және спорт жетістіктері

берушілер өздеріне қажет мамандарды дайындауға тікелей қатысады: олар оқыту курстарын қалыптастыруға қатысады, сабақтарды өткізеді. Оқу сабақтары мен практикалар тікелей кәсіпорындарда, кафедралардың кәсіпорындардағы филиалдарында өткізіледі.

**Еуропалық білім беру кеңістігіндегі тығыз интеграция** – академиялық ұтқырлық аясында, халықаралық жобалар мен студент алмасу бағдарламалары «Темпус», «DAAD» және басқалар арқылы студенттер қазақстандық және шетелдік ЖОО-да оқу және тәжірибе алуға болады. Италия, Германия, Финляндия, Австрия, Испания, Польша, Чехия Республикасының белгілі университеттері А. Байтұрсынов ҚМУ-дың серіктестері болып табылады.

үшін студенттерге оқу ақысынан **25%, 50% және 100%** жеңілдіктер қарастырылған.

**Спортты дамыту, ғылыми және шығармашылықпен айналысу мүмкіндіктері** – университетте студенттердің жеке қабілеттерін дамыту үшін барлық жағдайлар жасалған. Спорттық секциялар, студенттік «Өнер» студиясы (вокал, музыка, хореография және поэзия мен импровизация), КВН және оның көшбасшысы «13 район» командасы, «Ахмет ұрпақтары» дебат клубы және тағы басқалар.

## «Ахмет ұрпақтары» дебат клубы. «Өнер» студиясы. Көңілді тапқырлар клубы.

Мамандықтар	Білім беру бағдарламалары	Қосымша пән (4 баллдан кем емес)	Бейімдікпән (7 баллдан кем емес)
<b>Гуманитарлық әлеуметтік факультет, тел. 51-11-44</b>			
Филология: Қазақ тілі	1. Аударма ісінің аспектілері (кадрлық іс) 2. Кітапхана ісі	Әдебиет	Ана тілі
Филология: орыс тілі	1. Аударма ісінің аспектілері (кадрлық іс) 2. Кітапхана ісі	Орыс әдебиеті	Ана тілі
Аударма ісі	1. Мәдени аралық коммуникация саласындағы аударма 2. Аударма және менеджмент негіздері	Шетел тілі	Шетел тілі
Шетел тілі филологиясы	1. Қолданбалы лингвистика және мәдени аралық коммуникация 2. БАҚ-да жұмыс атқару	Шетел тілі	Шетел тілі
Психология	1. Психология өндірісте 2. Психология білім жүйесінде	Биология	Биология
Журналистика	1. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары 2. Қоғаммен байланыс	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
<b>Тарих және құқық факультеті, тел. 51-11-53</b>			
Құқықтану	1. Қылмыстық-құқықтық қызмет 2. Кәсіпкерлік қызметті заңмен қамтамасыз ету 3. Азаматтық-құқықтық қызмет 4. Әкімшілік-құқықтық қызмет	Дүние жүзі тарихы	Дүние жүзі тарихы

Аймақтану	1. Аумақтық-административтік басқару 2. Консультативтік-сарапшы қызмет	Шетел тілі	Шетел тілі
Тарих	1. Тарих және этноконфессионалды қатынас 2. Мұрағат ісі және құжаттану	Дүние жүзі тарихы	Дүние жүзі тарихы
<b>Экономикалық факультет, тел. 55-84-50</b>			
Экономика	1. АБҚ экономикасы 2. Өнеркәсіп экономикасы	География	Математика
Менеджмент	1. Коммерциялық менеджмент 2. Агроөндіріс менеджмент	География	Математика
Есеп және аудит	1. Коммерциялық өндіріс секторындағы есеп 2. Агро өндіріс секторындағы өндіріс 3. Бюджеттік ұйымдардағы есеп	География	Математика
Қаржы	1. Банк ісі 2. Қаржылық менеджмент	География	Математика
Мемлекеттік және жергілікті басқару	1. Мемлекеттік басқару 2. Жергілікті басқару	География География	Математика Математика
Маркетинг	1. Коммерциялық маркетинг 2. Агроөндіріс маркетинг	География	Математика
<b>Ақпараттық технологиялар факультеті, тел. 51-11-98</b>			
Математика	1. Математикалық және компьютерлік моделдеу 2. Сақтандыру және актуарды математика	Физика	Математика
Информатика	1. Компьютерлік графика және дизайн 2. Компьютерлік желілер және телекоммуникация	Физика	Математика
Ақпараттық жүйелер	1. Телекоммуникациядағы байланыс және басқару 2. Қаржы және экономикадағы ақпараттық жүйелер	Физика	Математика
Есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету	1. Басқарудағы қорлаған автоматтандырылған жүйені бағдарламалық қамту 2. Дизайн и визуальная анимация	Физика	Математика
<b>Инженерлік-техникалық факультет, тел. 55-85-17</b>			
Аграрлық техника және технологиялар	1. Өндірістік-технологиялық қызмет 2. Сервисті-пайдалану қызметі	Физика	Математика
Технологиялық машиналар және жабдықтар	1. А/ш машина құрылысы 2. Металды өңдеу	Физика	Физика
Көлік, көліктік техника және технологиялар	1. Автомобильдерді техникалық пайдалану 2. Автосервис және фирмалық қызмет	Физика	Математика
Физика	1. Радиофизика және электроника 2. Прикладная физика	Физика	Физика
Электрэнергетика	1. Электр қондырғыларын пайдалану 2. Электр қондырғыларын монтаждау және қалпына келтіру	Физика	Математика
<b>Аграрлық-биологиялық факультет, тел. 55-84-63</b>			
Биология	1. Ландшафты дизайн 2. Орман тану	Биология	Биология
Экология	1. Биозология 2. Геоэкология	Биология	Биология
Азық-түлік өнімдерінің технологиясы	1. Консерві және тағамдық концентраттар технологиясы 2. Қоғамдық тамақтандыру және арнайы тағайындалған өнімдер технологиялары	Химия	Химия
Өңдеу өндірісінің технологиясы	1. Астықты сақтау және өңдеу технологиясы 2. Наң, макарон және кондитер бұйымдарының технологиясы	Химия	Химия
Стандарттау, сертификаттау және метрология	1. Астық кешеніндегі стандарттау, сертификаттау және метрология 2. Өңдеу кешеніндегі стандарттау, сертификаттау және метрология	Физика	Математика
Агрономия	1. Егіншілік 2. Малазығын өндіру	Биология	Биология
<b>Ветеринарлық және мал шаруашылық технологиясы факультеті, тел. 55-85-68</b>			
Биотехнология	1. Ветеринарлық биотехнология 2. Мал шаруашылығындағы биотехнология 3. Өсімдік шаруашылығындағы биотехнология	Биология	Биология
Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы	1. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясымен өңдеу негіздері 2. Мал шаруашылығындағы селекция және биотехнология	Биология	Биология
Ветеринарлық медицина	1. Емдік іс 2. Кинология және фелинология	Биология	Биология
Ветеринарлық санитария	1. Азық-түлік қауіпсіздігі 2. Ветеринарлық-санитарлық бақылау	Биология	Биология

Қосымша ақпаратты біздің веб-сайттан алуыңызға болады: [www.ksu.edu.kz](http://www.ksu.edu.kz)  
Қабылдау комиссиясының мекенжайы: Қостанай қ., Абая д-лы 28, каб.114,  
тел. 55-81-00, 55-84-55.  
E-mail: [kgu\\_centр\\_prof\\_trud@mail.ru](mailto:kgu_centр_prof_trud@mail.ru)